



Жас өркен Қостанай

№ 5 (96) қыркүйек-қазан 2018 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Гүлнұр КӘКІМБЕК
8(702) 917 69 39
менеджер-дизайнер
Әйгерім ШАЯХМЕТОВА

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы

ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы.

5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет. Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек.

Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс.

Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Біз гранттардың санын көбейттік, енді жауапкершіліктің кезеңі келді. Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы. Жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажет. Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды. Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санаймын.

ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҮДЕРІСТЕРІНЕ АТСАЛЫСУЫ.

Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын.

05.10.2018

5 қыркүйек - Ахмет Байтұрсынұлының туған күні

Ахмет Байтұрсынов

Ұлттың ұлы ұстазы



... Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бөйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

Сәкен Сейфуллин

... А. Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... А. Байтұрсынұлының арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ... өз ағаттықтарын түсіне бастады...

Міржақып Дулатов

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Мұхтар Әуезов

Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар- ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек”- деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

Серік Қирабаев

Екі жинақ- “Қырық мысал”, “Маса”- қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам- тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады.

Рымғали Нұрғалиев

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде- бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде- бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен “Әдебиет танытқышты” жазып шықты.

Сырбай Мәуленов

Біз бүгін Ахаңның “Әдебиет танытқышын” Аристотель “Поэтикасымен” салыстырар едік. Мұның мәнісі- екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы әліп- билері”. Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне солғұрлым ұқсас болады”.

Зейнолла Қабдолов

Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген- Ахмет Байтұрсынұлы.

Қайым Мұхамедханов

... Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді.

Елдің әл – ауқатының жақсаруы – халық мерейі

2018 жылдың 5 қазанында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына өзінің кезекті жолдауын жолдады. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» тақырыбындағы дәстүрлі жолдауда елдің экономикалық – әлеуметтік дамуы мен азаматтардың әл – ауқатын жақсарту мәселесі көтерілді.

Жаһандық және жергілікті проблемалар тоғыса түскенде сын-кәтерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі екенін атап өткен Елбасы Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуіне баса назар аударды.

Ең төменгі жалақыны 1,5 есеге, бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысын 35 пайызға өсіру арқылы тұрақты тұрмыс сапасын жақсартуға болатынын айтып өтті.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзарту, экономикадағы бәсекелестікті дамыту сияқты батыл шараларды қолға алып, оны ары қарай дамытуға тапсырмалар берілді. Осы мәселелермен бірге, жастар мәселесі және педагогтардың мәртебесі Жолдаудың басты бағыттарының бірі болғаны анық. Ұстаздар қауымы мен жастардың көкейіне үміт сәулесін ұялатқан игі бастаманың сәтті жүзеге асарына сеніміміз мол.

Қостанай облысының 64,5% тұрғыны (оның ішінде 53,8 пайыз қала тұрғыны, 76,3 пайыз ауыл тұрғыны) 2018 жылдың 5 қарашасында ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын тыңдаған. Қала тұрғындарының 74,3 пайызы, ауыл тұрғындарының 80 пайызы Жолдаудан жағымды әсер алғанын айтады. Облыс бойынша халықтың жүз пайызы Жолдауда өздерін толғандырған мәселелер көтерілгенін айтқан. Қала және ауыл тұрғындарының 28,6 пайызы, ауыл тұрғындарының 35,6 пайызы жаңалықтардан естісе, БАҚ басылымдарынан 5,7 пайыз ауыл тұрғыны оқыған. Облыс тұрғындарының 96,3 пайызы ең төменгі жалақының 1,5 есеге өсетінін жылы қабылдаса, зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын тиімді басқару мәселесін 45,7 пайызы қала тұрғындары, 31,1 пайыз ауыл тұрғыны, жалпы облыс тұрғындарының 37,5 пайызы қуана қабылдап отыр.

Жолдау аясында атқарылатын іс-шаралар халықтың әл-ауқатын арттыра түсетініне сенім мол. Елбасы тапсырмасын орындау – басты міндет.

Айсұлу МҰХАНБЕТЖАНОВА,
журналистика және коммуникациялық менеджмент
кафедрасының аға оқытушысы

Жастарға жағдай жасалмақ



Барлығымызға белгілі Елбасымыз биылғы жылғы жолдауында өзекті мәселелер көтерді. Елбасымыз өз сөзінде айтып өткендей әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс.

Еліміз тәуелсіздік алғалы 3 үлкен жаңғыруды басынан өткізді. Сол жаңғыру арқасында еліміз өркендеп, қазіргі

таңда дамыған 50 елдің қатарынан көрініп келеміз. Ең соңғы жаңғыру - «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет.

Сонымен қатар Елбасы ауылды жерлердің әл-ауқатын арттыру үшін арнайы «Ауыл – Ел бесігі» жобасының іске қосуды тапсырды. Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керек.

Рухани жаңғыру бағдарламасының бағытын толықтыру мақсатында «Туған жер» бағдарламасын ауқымды түрге келтіріп «Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта қалыптастыруды бұйырды.

Елбасымыз мемлекет болашағы – білімді жастардың қолында екенін тілге тиек етіп, келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынды. Барша студенттерді Елбасымыздың артқан сенімін абыроймен ақтауға шақырамын.

Ерғали ҚҰРБАНБЕК,
Ақпараттық технологиялар факультетінің 4 курс
студенті

Ахметтану саласының өткені мен бүгіні

Ахметтану ғылымы бұдан 80 жыл бұрын басталған болатын. Ахмет Байтұрсынұлы көзі тірісінде-ақ қазақ халқының рухани көсемі ретінде бүкіл түркітану әлемінде мойындалған еді. 1923 жылы қазақ топырағында, қала берді бүкіл шығыс халықтарында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа үрдіс – Аханның 50 жасқа толған мерейтойының өткізілуі оның мәдениетімізге сіңірген еңбегін жалпыхалықтың мойындауы іспетті болғаны белгілі. Бұл мерейтойдың алдында, оны өткізу үстінде халқымыздың біртуар ұлдары – М. Әуезовтің, М. Дулатовтың, С. Сәдуақасұлының, Е. Омаровтың, С. Сейфуллиннің, Т. Шонановтың, орыс түркітанушылары – Е. Поливанов пен А. Самойловичтің Ахмет Байтұрсынұлының көп қырлы еңбегін жан-жақты бағалаған мақалалары мен зерттеулері ахметтану ғылымының алғашқы іргетасын қалады деуіміз керек. Алайда көп ұзамай шығармашылық күш-қуаты толысқан шағында Аханның өзі де, жаңа қалыптасып келе жатқан ахметтану ғылымы да сталиндік қан-қапастың құрбаны болып кете барды.

Содан 60 жыл өткенде халқы Аханмен екінші рет қайта қауышты. Содан бері ғалым мұрасы жиналып, жарияланып, жан-жақты зерттеу нысанына айналып келеді. Аханды, оның еңбектерін тереңірек зерделеген сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, рухани санамыз өсе түскені мәлім. Жоғарыда біз келтірген өз тұстастарының мақалаларында, негізінен, Аханның ағартушылық, қайраткерлік істері мен оның тіл әдебиеттану ғылымдарына сіңірген еңбегі сөз болған. Ал Ахмет Байтұрсынұлының қазақ мәдениеті мен ғылымына (оның ішінде қоғамдық ғылымдардың барлығы дерлік бар) қосқан үлесі өлшеусіз мол. Оның мақалаларында әдебиет пен тілді былай қойғанда, экономикаға, тарихқа, педагогикаға, жорналшылыққа, өнерге қатысты ой-пікірлері ұшан-теңіз. Біздің бұл жерде айтпағымыз – Ахмет Байтұрсынұлы туралы жазылған, зерттелген, әлі де зерттеуін күтіп тұрған проблемаларды тәптіштеп санап шығу емес, ахметтануға қатысты, оның мұрасын жинап, жариялап, жұртшылыққа таныстыруда, оны кешенді зерттеуді қолға алуда көшбасшы болған ғалымдардың еңбегінің өзіміз куә болған бірнеше тұстарын ғана сөз ету. Бұның басты себебі – алаш басшылары ақталғаннан кейін «ол ақталмай тұрып, алғашқы болып, Ахан жайында біз айтқанбыз» деген адамдар жиі көрініп қалып жүр. Мұндай мәлімдеулердің шындыққа сай келмейтінін, шын мәнінде, мұндай қадамға барғандарды көпшілік қауым, әсіресе, жас буын білуге тиіс деп ойлаймыз.

«Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін бірінші болып мен атаған едім», – дейтін адамдардың бірі – профессор Т. Қордабаев болатын. Сонда ол кісінің келтіретіні – өзінің 1987 жылы жарық көрген «Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары» деген кітабы. Онда Ахан аты аталмайды, бірақ оған қатысты-ау деп ойлауға келетін мынадай жолдар бар: «Ана тілінде баяндағандар тіл білімі ХХ ғасырдың бас кезінде дүниеге келді. Фонетикаға, лексикология мен грамматикаға қатысты негізгі терминдер осы кезде пайда болды. Ол терминдердің басым көпшілігі орыс тілі біліміндегі атауларды калька түрінде аударып айту негізінде пайда болған» [1, 42]. Ал осы жолдардан кезінде Аханды көрген, оның кітаптарынан тәлім алған аға ғалымдар болмаса, оның оқулығы түгілі, атын естімеген кейінгі ұрпақ ана тілінде ғылым жасаған, тіл білімі терминдерін қазақша қалыптастырған кім екені жайында не ұғуы мүмкін? Оның есесіне, автор кітаптың әліппе, емле мәселелеріне арналған II тарауында Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуын енгізуге қарсы болған пікірін өлтіре сынайды: «Латын алфавитіне негізделген жазуды қабылдау мәселесі 1924 жылы болған

қазақ білімпаздарының съезінде көтерілгенмен, 1926 жылдың аяғына дейін ол айтарлықтай өріс ала алмады. Оған ең алдымен, сол кездегі басқару орындарының біразына орналасып алған ұлтшыл арабшылар кінәлі еді. Олар араб жазуынан айырылмаудың, жананы жуытпаудың барлық шараларын істеп, арпалысып бакты».

Бұл арадағы кітап авторының «ұлтшыл арабшылар» деп отырғаны – Ахмет Байтұрсынұлы мен оның пікірлері екені айдан анық. Шынында да, Ахан жалпы алфавит өзгертуге қарсы болып, өзі реформалаған араб әліппесі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның айтылу заңдылықтарын сақтауға әбден қолайлы екенін дәлелдеп баққаны белгілі. Ал латын жазуының қазақ тілі заңдылықтарын сақтап, дұрыс сауаттануға келе бермейтінін, тек саясат ынғайымен, «жұрт көшіп жатыр, біз неге көшпейміз?» деген желеумен көше салудың зияндылығын көрсеткен болатын.

Өмір тәжірибесі Аханның пікірінің дұрыстығын дәлелдеді, он жылға жетер-жетпесте одан безіп шықтық қой. Сонда «Аханды бірінші рет мен атадым» деп отырғаны – осылар ғана болғаны ма? Бірде академиядағы Ахана арналған бір жиналыста Төкен жоғарыдағы келтірген пікірін қайталағанда: «Кітабыңыздың қай жерінде Ахмет Байтұрсынұлының аты аталады?» – деген сұраққа: «Мен тікелей атамағанмен, сипалактатып айттым ғой», – дегені бар. Сонда жиналыс төрағасы – академик Ә. Қайдаров: – Сіз «сипалактатып» жүрсеңіз, Рәбиға Сыздықова сізден он жыл бұрын Аханның атын сипалактатпай-ақ, тікелей атап, ол кісінің қазақ тілі біліміне сіңірген еңбегін де қорықпай айтып берген, – деп ескерту жасаған болатын.

Енді Ахмет Байтұрсынұлын атап, ол ақталмай тұрып еңбегін ауызға алған ғалымдар туралы айтар болсақ, алдымен профессор Шора Сарыбаевты атаған болар едік. Ол 1960 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілі білімінің көрсеткіші» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының инициалымен (А.Б.) оның еңбектерінің тізімін бергені үшін кітабы таралмай жатып туралып, өзі бөлім бастығы қызметінен босатылған еді (партияда болмағандығынан ғана партиялық жаза алған жоқ). Сол жылдары өзін куә болған тағы бір деректі де айта кеткенді жөн санадым. 1967 жылдың күз айларының бірі еді. Академияға президент болып Шахмардан Есеновтың жаңадан келген кезі болатын. Академия президиумының кезекті бір мәжілісіне институт директоры да, оның орынбасары да қалада болмай, ғалым хатшы ретінде менін қатысуыма тура келді. Сол мәжілісте қаралатын негізгі мәселелер аяқталған соң Ш. Есенов мәжілістің аяқталғанын ескертіп, тек президиум мүшелері мен қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің институт басшыларының қала тұруын сұрады. Сондағы Шәкеннің айтқан хабарламасының қысқаша мазмұны төмендегі бойынша:

– Мен президент болғалы қай жерге барып, қанша халықпен кездессем де, Ахмет Байтұрсынұлының осы кезге дейін неге ақталмай жүргені туралы сұрақ қояды. Содан кейін ол кісі жайында бірсыпыра деректермен танысқандым, оның өзінің де, әкесінің де патша үкіметінен зәбір көргеніне, ал Кеңес үкіметіне қарсы не істеген ісі, не айтқан сөзі жоқ екеніне көзім жетті. Жалғыз жазығы – Алаш үкіметінің құрамында болғаны екен. Ал оны кезінде Кеңес үкіметі кешіргені де белгілі. Соған қарамастан, осы уақытқа дейін аты аталмай, еңбектері жабық қорларда сақтаулы тұрғаны түсініксіз.



Сондықтан сіздер мақұл көрсеңіздер, орта буын ғалымдарынан (аға буынды да, жастарды да қоспай) комиссия құрып, айкай-шусыз жан-жақты зерттесек: комиссияның қорытындысы дұрыс болса, жоғары құзырлы мекемелердің алдында ұсыныс жасауға болар еді. Бұл ұсынысты президиум мүшелері – С.Бәйішев, С.Зиманов т.б. қатысушылар қолдады.

Бірақ бұл мәселе одан әрі жалғасын таппай, аяқсыз қалды. Оның себебі, менің ойымша, тап осы тұста болған мына оқиғамен байланысты сияқты. ҚазМУ профессоры Хайролла Махмудов дәл осы шамада студенттер алдында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқып, ол жоғары жаққа мәлім болыпты. Орталық комитет ҚазМУ ректорына сөгіс жариялап, партия комитетінің хатшысын орнынан босатқан еді. Қазақ ғалымдары Аханның еңбектерін атағаны үшін жазаланып жатқанда ленинградтық ғалым, белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов 1974 жылы шыққан «Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период)» деген еңбегінде кітаптың бір бетін Ахмет Байтұрсынұлына арнап, қысқаша өмірбаяны мен негізгі еңбектерін, ол туралы жазылған әдебиеттерді көрсеткен еді.

1977 жылы Кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына арналып, Тіл білімі институтында ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда негізгі баяндама жасаған профессор Рәбиға Ғалиқызы Сыздықова өз сөзіне азамат, ғалым, коммунист ретінде өзі жауап беретінін ескертіп алып, өз баяндамасында қазақ совет тіл білімінің 60 жылдық тарихын сөз ету үстінде сол ғылымды қалыптастыруда аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлын, оның еңбектерін атамай кету өз ары алдында кешірілмес күнә деп есептейтінін айтып, Ахат еңбектеріне қысқаша шолу жасады. Бірақ КГБ (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) ұзамай-ақ Р.Сыздықовадан бұл мәліметті қайдан алғанын сұрапты. Ғалым бұл мәліметтерді жоғарыда келтірген А.Н.Кононовтың кітабынан және ашық қордағы «Труды общества изучения киргизского края» (Оренбург, 1922) деген кітаптан алғанын айтып құтылыпты. Алайда конференция

материалдары жарияланғанда, әрине, ол баяндама жинаққа кірмей қалыпты.

1988 жылы алаш ардагерлерін ақтау ресми қолға алынып, академия ғалымдарынан комиссия құрылғанында, оның құрамында академик Ә.Қайдаров пен профессор Р.Сыздықова болды, Ахмет Байтұрсынұлы туралы қорытындыны Р.Сыздықова даярлағаны белгілі. Ал алаш ардагерлерін ақтау туралы үкімет қаулысы шыққан бойда алғашқы болып әуелі «Социалистік Қазақстан», кейін «Қазақ әдебиеті» газеттерінде мақала жазғандар да – Ә. Қайдаров пен Р.Сыздықова еді. Ахмет Байтұрсынұлы ақталысымен Тіл білімі институты Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор қалаларындағы мұрағат, кітапханалардан Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін жинауға адамдар жіберіп, сол жиналған материалдар бойынша Аханның еңбектерінің алғашқы жинағын шығарды. Бұл кітапты даярлап, жалпы редакциясын басқарған да – Р.Сыздықова. Институт ғалымдары тарапынан содан бері көптеген мақала жазылып, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Р.Сыздықова Ахмет Байтұрсынұлының өміріне арналған кітапша шығарды, бірнеше конференцияда баяндамалар жасады, оның мұражайын ұйымдастыруға атсалысты. Сондай-ақ институт ғалымдары Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференция материалдары 1999 жылы «Ұлттық рухтың ұлы тіні» деген атпен 30 баспа табақ көлемінде жарық көрді. Ендігі жерде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын терең зерделеу керек. Бұл салада қазақ тіл білімінен қорғалған 2-3 кандидаттық диссертациядан өзге жоғарыда аталған ғылым салаларынан жазылған көлемді еңбектер әзір жоқ. Міне, бұл – жаңадан қайта қалыптасып келе жатқан ахметтану ғылымының іргесін кеңейтіп, мұраларын халқымыздың, Әсіресе жас ұрпақтың игілігіне айналдырудың басты жолы болған болар еді.

Бабаш ӘБІЛҚАСЫМОВ,
ф.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері

Жырлары жайсаң қазақ жүрегінде



Көрнекті ақын, жазушы, әдебиеттанушы, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Қайнекей Жармағанбетов 1918 жылы 25 тамызда (шын аты Ғайнетдин) Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Шилі ауылында туған. Абай атындағы алматы мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетін (1941), аспирантурасын (1949) бітірген. Қазақстан комсомолы Орталық комитетінде хатшы (1941-1948), Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, директордың орынбасары (1948-1958), бұрынғы «Әдебиет және искусство», қазіргі «Жұлдыз», сатиралық «Ара», «Шмель» журналының бас редакторы, Мәскеу қаласынан шығатын сатиралық «Крокодил» журналының Қазақстандағы меншікті тілшісі, Қазақстан Жазушылар Одағында жауапты хатшы, әдеби кеңесшісі (1958-1964) болған.

Қ. Жармағанбетов 1964 жылдан бастап бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысты. Ол «Заман біздікі» (1950), «Адам туралы аңыз» (1951), «Мұғалима туралы баллада» (1957), «Балладалар» (1962), «Соңғы түн» (1967), «Сырлы тал» (1971), «Шындағы шамшырақ» (1976) деп аталатын және басқа да бірнеше өлең, баллада кітаптарының, әйгілі өнші Әміре Қашаубаев жайлы жазылған «Өнші азамат» повесінің талай әңгіме, новелла, көркем очерктердің авторы. Қайнекей - ұлттық әдебиетке оқиғалы өленді, баллада жанрын берік орнықтырған, оны әбден кемелдендірген қаламгер.

Жармағанбетов көне Торғайда туса да, алғыр азамат ретінде танылды. Өзінің тұрақты ізденісі, қарымды қабілеті арқасында ұлтаралық қатынас тілін өте жетік меңгерді. Энциклопедиялық білімімен көзге түсті. Чилидің патриот, коммунист ақыны П. Неруданың «Қашқын» поэмасын, С.И. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын, Б. Ершовтың «Тұлпартай, Сұңқартай» ертегісін, жапон жазушысы Карридің «Шығыстағы бір бейбақ» драмасын, И. Шиллер, А. Мицкевич, А. Барто, М. Лермонтов, А. Пушкин, В. Маяковский, сонымен қатар көптеген туысқан қырғыз ақындары өлендерін қазақшаға аударған. Әйгілі әдебиеттанушы ретінде А.Н. Радищев, А. Рудаки, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, Н. Ахметбеков шығармаларын зерттеп, зерделеген.

Қайнекей Жармағанбетов тәңір сыйы көркемсөз көк байрағын желбірте жүріп, маңайындағы жас буынға ұдайы, шынайы қамқорлық жасай білді. Сонау 1950-шы жылдары С. Қирабаев, Б. Соқпақбаев, Н. Ғабдуллин, Ғ. Қайырбеков, М.

Сәрсекеев, А. Нұрқатов, Б. Сахариев, М. Рашев сияқты ақын, жазушы, ғалымдарға тамаша тәлімгерлік көмек беріп, оларды ұлттық әдебиеттің белді-белді өкілдеріне айналдырды.

Қайнекей 1974 жылы, қыркүйек айының 10-шы жұлдызы күні бар болғаны 56 жасында дүниеден озып, туған жері Шилі ауылына жерленді. Қазіргі таңда көрнекті ақын есімінде Торғай селосында көше, кітапхана бар. Шилі ауылындағы орта мектеп Қайнекей Жармағанбетов атын иеленген. Жоғарыда айшықтап айтқанымыздай, Жармағанбетов көзі тірісінде ақын-жазушылардың көбіне саялы бәйтерек бола білген. Талайларды ашық аспандай шуағына молынан шомылдырған. Оны деңі жақсы біледі. Пендешілікпен ұмыт қалдырғандар да жоқ емес. Ғұмырының соңғы жылдарында ауру мендеп, хал-ахуалы күрт төмендеген табиғи талант иесі «Токтам» деп аталатын өлең жазыпты.

Ұлттық әдебиет тарихына тереңнен үңіліп, таразылап, саралап көрсек, Қайнекей Жармағанбетов негізінен елді елеңдетіп, жан жүректі тебірентетін оқиға желісінен туындап, шынайы суретті көз алдына әкелетін балладаның хас шебері деуге әбден болады. Оның «Кекті бала», «Большевик туралы баллада», «Жидебайдың түндері мен күндері», «Галлилей», «Фердоуси» туындылары сөз жоқ рухани қазынаға айналған. Қиян-кескі сұрапыл соғыста болмаса да, ақын елмен бірге егіле отырып, майдан көріністерін көркемсөзбен қаз қалпында суреттейді. Әсіресе қарымды қаламгердің:

Толқынды Днепрдің жағасында,

Туған жер Украина даласында,

Жорықта жүрді біздің партизандар

Түн қатып қалың орман арасында, - деп басталатын әйгілі «Кекті бала» балладасын кім ұмытар. Кейде қазақ кино өнерінде мандай терін төгіп жүргендер сценарий жоқ деп ауыздарын қу шөппен сүртеді. Көзі көреген, көкірегі ояу, ойкестігі керемет режиссер болса, осы балладаның оқиғасы деректі фильмге сұранып-ақ тұрған жоқ па?!

Үстіміздегі жылдың тамыз айының 25-ші жұлдызында көрнекті ақын, жазушы, әдебиеттанушы, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Қайнекей Жармағанбетовтың туғанына 100 жыл толды. Аталған шараға орай, туған жері Жангелдин ауданында әдеби кеш өтіп, көрме ұйымдастырылды. Торғай селосындағы ақын есіміндегі көшеге оның тастан қашалған мүсінін 1968 жылы туған перзенттер қойды. Қостанай қаласындағы Мемлекеттік педагогикалық университетінде республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Облыстық әмбебап кітапханада «Шынайы жырдың шебері» деп аталатын әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Екі мерекеге де Алатау баурайынан арнайы келген меймаңакадемик Әлима Қайнекейқызы қатынасып, жиналған жұртшылыққа ізгі лебізін білдірді. Алдағы қараша айының аяқ шенінде Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық университетте жазушының мерейтойына арналған конференция өтпекші. Көрнекті қаламгер мұраларын насихаттау бұқаралық ақпарат құралдары белсенділігімен біршама жүріп жатыр. Алдағы уақытта да заңды жалғасын таппақшы. Қайнекей Жармағанбетов ортамызда жоқ болса да, оның артында қалған бай қазынасы арқылы екінші рухани ғұмыры бізбен, әдебиет сүйер қауыммен бірге. Жырлары жайсаң қазақ жүрегіне баяғыда жайғасқан көрнекті ақынның көркемсөздегі күмбезі әлі мұңдалап тұрағына еш күмән жоқ.

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қайнекейтанушы

Қазағымның жұлдызы маңдайдағы

Кәмшат ...

Өткен ғасырдың 70-80 ж. әр қазаққа шуақтай жылы естілген есім бұл. Өмірінің өрнегін еңбекпен зерлеген апамның мейірілі де мерейлі жүзін баспасөз беттерінен көріп, сүйсіне де сүйіне білген ұрпақ едік біз. Өмірін өнеге етіп, еңбек жолына еліктеп, сол замандағы саяси ұранға ұйыған талай қыздар «тракторшы қарындас» атанды. Бірақ кәусар мінез, тұлпардай табанды еңбек иесі тек Кәмшат апа болып шықты.

Алқалы жиындарда жанына баруға да бата алмай, сыртынан сүйсініп, алыстан аңдап қана жүрген апаммен бетпе-бет жүздесіп, танысу-табысудың да сәті түсті-ау. «Елмен елді табыстырған қыз әулие» деген рас. Кәмшат апамның ауылдан кіші ұлымыз Аян шаңырағымызға келін түсірді. Келініміз Назгүлдің анасы, құдағиым Несібелді Кәмшат апаның руласы болып шықты. Екеуі балдаурен балалық шағы мен бойжеткен бала кездерін бірге өткізген екен. Әрі бір елге келін болып түсіпті. Алғашқы ашық – жарқын амандық сұрасудан кейін-ақ, Кәмшат апа менің өнер жолымды әрдайым қадағалап жүргенін, өзінің де менімен жақын танысуды ойлап жүргенін айтты.

Қостанай облысында айтыс жаңғыру кезеңіне келгенде, басы-қасында ұлттық өнердің жанашыры Қауез Тажмакин жүрген еді. Қауез аға да менің өнеріме ризашылықпен, ерекше мейіріммен қараушы еді. «Тәміш әлі танытады өзін,»-деп әзіл-шыны аралас маған сенім жүгін артатын. Сол Қауез ағамыз Кәмшат апаның туған құдасы екен. «Кәмшат-ай, айналайын, Әсиямен жолығып, маңдайынан бір иіскеп, сүйсең ғой,»-дейді екен апаға. «Сол ағаның айтқанын орындап жатырмын ғой,»-деді апам мені құшақтап тұрып.

Кейін Кәмшат апаммен талай сырластық. Әр кездесуден алған әсерімді көпке дейін ұмыта алмай жүретінмін. Ең басты әсерім де, түсінгенім де Кәмшат апа - Алланың ерекше ықыласпен жаратқан тұлғасы. Ажарына ақылы, пейіліне парасаты сай аруана. Зейнетке шықса да зейінін құрғатпаған апам әрдайым қоғамдық іс- шараларға қатынасып жүрді. Жасы ұлғая келе тұмысынан иман жүзді, періште пейіл апам тікелей дінге бет бұрды: намазға жығылған еді. Мұсылмандық бес парызың бас парызы қажылық сапарға барып, қажы ана атанды. «Айналайын, Әсия. Нәсіп етсе сізге де барар жол түсер. Мен өзім барғанда ислам дініне деген ықыластың қандай ғажап екенін көріп, таң болдым. Теңіздей толқып жылжып келе жатқан көптің алдында сүрініп кетуден қорқып, Қағбаны айнала бергенімде бір тосын жел басымдағы орамалымды ұшырып алып кетті. Ой, Алла – ай! Не күнәм бар еді, не жаздым деп қос қолыммен төбемді жауып жылап жібердім. Тұруға шама жоқ, жылай жүре беріп, екінші айналғанда орамалым басыма келіп қонды,»- деп Кәмшат апам толқи отыра, басынан өткен осы жәйтті әңгімелейді. Ғажап! Басқа сөз түспейді ауызға. Алланың асыл перзенті болмаса дәл мұндай ғажап екінің бірімен болмасты...

Кәмшат апа маған «сіз» деп сөйлейтін. «Апа, маған сіз деменіңші. Мен кіммін сіздің қасыңызда? Қысыламын,»- дегем. Апам: «Жоқ, олай деменіз. Сіз тегін адам емессіз.

Тәңір таңбалаған пендесіз ғой,» - дейтін.

Шіркін, Кәмшат апам!

Абыройын асқақтатып, атағын аспандатқан, бойынан биік доңғалағы бар «К-700» тракторға жармаса мініп, доп тай секіріп түсіп жүрген күндер ізсіз өтпеген екен. Апаның аяқтары қатты ауырған бір кездері емді бір дәрігерден алып жүрдік. Сол кезде де апаның талай тұшымды, тағылымды әңгімелерін тыңдау бақытына ие болдым. Әңгімелескен сайын құмарлана тыңдаушы едім. Апа өмірінің әр түрлі кезеңіндегі елеулі оқиғаларды еске алып, бірде күліп, бірде сараптап, бүгінгі күнмен салыстырып әңгімелесуші еді. Әңгіменің тақырыптары өзгерсе де, апам өзгеріссіз: салиқалы сабырлы, айтар сөзін оймен өлшеп отыратындай. Кәмшат апам еңбекте Ер атанбаса, Алла оған бақ-бедел берудің басқа жолын берер еді деп ойлаймын. Кейін апам отырып қалғанда, сол кейпін көргім келмей, сондай жағдайға апаны қимай, көңілін телефонмен ғана сұрап тұрдым. Сөйтіп жүргенде асыл ападан айырылып қалдық. Бірақ, қазақтың Кәмшатының бейнесі менің жүрегімде мейірімді, жылы жанарыммен, көргенде көз тоймас көркімен, басында ақшаңқан жаулығымен сақталып қалды.

Жылдан күтіп, тілеп ек айдандағы,
Ақ тілектің деген ек жайнар бағы.
Қарашаның түнінде сөнді мәңгі
Қазағымның жұлдызы маңдайдағы.

Аптап қырда күнгеілі дәлізді аңсап,
Алтын дәннен ақ бұлақ ағызған шақ,
Бар әлемге танытқан қазақ қызын
Мақпал мінез, еңбекте Ер, аңыз Кәмшат.

Жаратты Алла бір өзін дара ғып тым,
Салмағына қайыспас дара жүктің.
Кәмшат өтіп өмірден тау беделді,
Құлағандай бір шыны даналықтың.

Ақыл менен ажардан құралғандай,
Бақ табымен жарқырап тұрар маңдай,
Кәмшат өтіп өмірден, парасат пен
Мейірімнің бұлағы суалғандай.

Сенбейін бе мен бұған, сенейін бе,
Көз жасымды жосылтып төгейін бе?!
Орны толмас асылдан айырылып,
Тірелді кеп өксігім көмейіме.

Қамшы ғұмыр үзілді қас - қағымда.
Басу айтам жұртыма. Баспа мұңға:
Кәмшат өтті фәниден бақилыққа,
Жану үшін жұлдыз боп аспанымда.
...Қалу үшін тарихтың дастанында...

Әсия БЕРКЕНОВА,
Қазақстан халық ақыны

Қазақтың мақтанышы Кәмшат деген



«Қазақтың қызы қандай?» деген сұрақ туса қысылмай көрсететін бір адам болса, ол қазақтың атақты қызы Кәмшат дер едім. Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Байғазықызы Дөненбаеваның есімі кешегі Совет Одағы тұсында бар халыққа кеңінен мәлім болды. Кезінде қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникасын меңгеруіне үлгі болған Кәмшат Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломымен марапатталды. СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1980-1985 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. Қарапайым механизатордан көрнекті қоғам қайраткеріне дейінгі биік белеске көтерілді. Бір сөзбен айтқанда, елдегі қоғамдық жұмысқа белсене араласты, өзі туып-өскен елінің сөзін сөйледі.

Мен Кәмшаттың атағы шыққан кезде Ресейде Челябинск облысының Варна ауданына қарасты «Кулевчи» совхозының директоры едім. Қазақтың ауылда өскен қызының осыншама атақ-дәрежеге жетуі бәрімізді қатты таң қалдырды. Таң қалып қана қойған жоқпыз, кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді. «Советская женщина» журналында жарияланған Кәмшаттың суретін төңірегіміздегі кісілерге мақтанып көрсеттік. 1972 жылы қайырмасыз соқамен жер жыртуда

Кәмшат механизатор қыздар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы Ростов облысындағы Зерноградта бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған. Кәмшат «Кировец» тракторының кабинасынан Қазақстан КП Бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен обкомның сол кездегі бірінші хатшысы Андрей Бородинге алған социалистік міндеттемесін орындағаны туралы баяндап тұрған кезі бейнеленген суретті де қызыға көргеніміз есімде. Кейінірек совхоздағы екі бірдей келіншекті Кәмшаттың үлгісімен трактор руліне отырғыздық. Тек бір айырмашылығы олар алып «Кировец» емес, «Беларусьтің» руліне отырды.

Кейінгі жылдары Кәмшат Байғазықызы «Харьков» совхозында қауіпсіздік техникасының инженері болды, шаруа қожалығын басқарды. Жер телімін алып, егін өсірумен айналысқан кезінде оған қол ұшын берген, ақыл-кеңесімді айтқан кезім де болды.

Кәмшаттың «ағайын-туған, абысын-ажын, қайнаға-қайнысымен қарым-қатынасының өзі бір өнеге» деп жазды қостанайлық журналист Сәлім Меңдібай. Кәмшат Байғазықызы журналистерге берген сұхбатында: «Жұмысты да үлкен абыроймен орындап, үй шаруасына да үлгеріп, қырық бес жыл жыл енемді қолымда ұстап, үстіне кір жуытпай, тырнағын алып, шашын өріп, анамдай жақсы көріп, тәрбиеледім. Міне, осының бәрін де келіндерім өз көздерімен көріп, көңілдеріне түйді. Сондықтан болса керек, олардың маған деген ықыластары мен құрметтері де ерекше екендігі әрбір сөздері мен ниеттерінен кәдімгідей аңғарылып тұрады, - деген екен. Ұл-қызын тәрбиелеп өсірген, білім берген абзал ана осылайша келіндері мен күйеу балаларына да үлгі бола білді.

Елге қоныс аударғаннан кейін Кәмшат қарындасымызбен қоян-қолтық араласып тұрдық. Темірбек қайтыс болғанда оны ақтық сапарға шығарып салуға бардым. Белгілі азамат Қауез Тәжімақинмен Кәмшаттар құда болғанда құдалық жоралғысына да қатыстым.

Қостанайда Наурыз тойы алғаш тойлана бастағанда киіз үйлер байқауы болды. Сол кезде мен комиссия құрамында едім. Байқау қорытындысында Меңдіқара ауданынан келген Сайран Бұқанов пен Кәмшат тіккен киіз үй бірінші жүлдеге ие болды. Ал сол киіз үйдің төрінде қолына домбырасын ұстап Қауез ағамыз отырды. Біздің ұлымыз Қайрат пен Қауез ағаның баласы Дәулет жақын дос болды. Кәмшаттың өз баласындай болған Дәулет те дүниеден ерте озды. Темірбек пен Кәмшаттың немересі Балтуғанды ұзатқанда да барлық қызығында бірге болдық. Қарындасымыз қасымызда жүргенде оған деген ел пейіліне талай куә болдық. Соншама атағы болса да ол ешқашан асып-тасқан емес, қарапайым мінезінен айныған емес.

Тың ардагері атанған аяулы жар, ардақты ана, сүйікті ене, ақылман әже Кәмшат Байғазықызы сайлау кезінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сенімді өкілі болды. «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің мүшесі ретінде республиканың қоғамдық өміріне белсене ат салысты, Қостанай облыстық әйелдер ісі жөніндегі және отбасылық-демографиялық комиссияның құрамында ізгі жұмыстар атқарды.

Оның елеулі еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Қостанай облысының және Қостанай қаласының құрметті азаматы атанды.

Кәмшат көзі тірісінде көптеген әдеби шығармалардың кейіпкеріне айналды. Газеттер мен журналдарда Кәмшаттың түрлі суреттері шығып жатты. Газеттердің барлығында ол туралы көп-көсір материалдар, сұхбаттар мен очерктер жарық көрді. Фариза Оңғарсынова «Біздің Кәмшат» деген деректі повесть жазса, Ғафу Қайырбеков «Жұлдызды тағдырлар» поэмасының тұтас тарауын арнады. Бәкір Тәжібаев оған арнап ән де шығарды. Ақылбек Шаяхмет «Еңбек ер атандырады» деген пьеса жазып, бұл спектакль Қостанайдағы Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрында қойылды. Осы спектакльде Кәмшаттың ролін Ажар Шәкіржанова тамаша ойнап шықты. Қарындасымызды еске алып, көзімізге жас үйірілді.

Ардақты ана мұсылманның бес парызын орындап, қажылық сапарға да барып қайтты. Кейінгі жылдары басынан ақ орамалын тастаған жоқ, барлық болмысымен, іс-әрекетімен қазақтың қыз-келіншектеріне үлгі болды. Тіпті зейнетке шыққаннан кейін де оған келіп, ақыл-кеңес сұраған

қыздар мен келіншектер аз болған жоқ.

Кәмшат есімі ел есінде. Қашар қаласындағы мешітке оның есімі берілді. Қостанай облысының әкімі Архимед Бекежанұлының ынтасымен облыс орталығында оның атына көше берілетін болды, арнаулы гүлзар ашылып, еңбек ерінің бюсті орнату туралы шешім қабылданды. Мендіқара ауданындағы ауыл шаруашылығы колледжі де енді оның есімімен аталады. Оның жарқын бейнесі ел жүрегінде мәңгі сақталады. Жатқан жері торқа, жаны жәннатта болсын!

Серікбай БИСЕТАЕВ,
қоғам қайраткері, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің
екінші шақырылымының депутаты, Сағадат
Нұрмағамбетов атындағы халықаралық қордың
Қостанай филиалының төрағасы, Қостанай
қаласының құрметті азаматы



*Биыл даңқты қазақ қызы Кәмшат
75 жасқа толар еді.*

Қазақтың қайсар қызы

Қазақтың қайсар қызы Кәмшат апа туралы мен әр жылдары мақала да, өлең де жазған едім. Апаның жетпіс жылдығы қарсаңында «Парасат» журналының бас редакторы, жазушы Баққожа Мұқайдың өтінішімен ол кісіден арнайы сұхбат алып, даңқты механизатор туралы материалдар журналдың төрт бетінде жарияланды. Қазақ радиосының сұрауы бойынша сексенінші жылдары бір сағаттық радиоочерк жазып, ол Қазақ радиосының алтын қорына қабылданды. Кейін «Еңбек ер атандырады» деген пьеса жаздым. Бұл шығарманың да негізгі кейіпкері Кәмшат апа болатын.

Жетпісінші жылдары қазақтың ақын қызы Фариза Оңғарсынова Мендіқара ауданындағы «Харьков» шаруашылығына бір емес, екі рет келген еді. Ақын Кәмшат Байғазықызының үйінде бес-алты күн жатып, қонақ болған, егістікті аралап көрген. Сол жолғы сапарларынан туған «Біздің Кәмшат» деген деректі повесі жұртшылыққа белгілі. Ақын Ғафу Қайырбеков те Қостанайға арнайы келіп, даңқты дикан туралы «Жұлдызды тағдырлар» деп аталатын поэма жазды. Оны айтып жатқаным, апамыз көзі тірісінде-ақ әдеби шығармалардың кейіпкеріне айналып үлгерген болатын.

Кәмшат апаға арналған менің алғашқы жырым «Балдырған» журналында басылды.

Қыр төсінде қырмызы
Еңбек еткен ұл-қызы.
Көудесінде Кәмшаттың
Жарқырайды жұлдызы

Ер есімі жаңғырып,
Айтып жүрміз ән қылып.
Ер ерлігін біздің ел
Ардақтайды мәңгілік.

Дәнмен шығып атағы,
Дала шалқып жатады.
Қостанайдың өлкесі –
Алтын астық Отаны.

Естай батыр, ер Сұлтан,
Аманкелді, Жансұлтан,
Ерлігіне олардың
Үлкен-кіші болды таң.

Кеше майдан шебінде,
Бүгін еңбек төрінде,
Жұлдыздары түр жанып
Туған жердің көгінде.

Туған жерінде, өскен елінде еркелеп өскен қаршадай қазақтың қызы әдемі қыз болды, сүйкімді келін атанды, сүйікті жар, ардақты ана, ақылман әже болды, халық көңілінен шықты. Кезінде бір кісідей аянбай еңбек еткен ер ана ең алдымен ана мен ене тәрбиесін көрді. Жастайынан қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге тырысты. Үлкен кісілер оған көп нәрсені үйретті. Олардың айтқан ақыл-кеңестері мен жылы лебіздері, бекем сенімі ақыры ер атандырды, елінің ыстық ықыласы жанына қанат байлады.

Туып-өскен елі де оның еңбегін лайықты бағалады, төрге шығарып, құрмет көрсетті. Әйтпесе шынтуайтқа келгенде ол да қазақтың көп қызының бірі емес пе еді?! Шау тартқан шағында қажылыққа барып қайтты. Бес парызын орындады. Сырқаттанып жүргенде де намазын қаза қылмады.

Жайнамазға жығылған сайын еліміздің амандығын, дос-жаранның адалдығын тіледі!

Апамыз Меккеге барғанда ғажайып оқиға болғанын өз аузынан естігенім бар еді. Қағбаны айналып жүрген кезінде, алтыншы айналымда ма, басына тартқан орамалы кездейсоқ ұшып кетеді. Иін тірескен халық көп. Орамалдың қайда қалғанын да білмейді. Қайдан іздерін де білмейді. Су тасқыны секілді қалың нөпір халықтың арасында әрі қарай кете барады. «Ұят болды, енді қайттым?» - деп шашын қайда жасырағын білмей қатты сасады. Ал жетінші айналымда, күдіреттің күштілігі, әлгі орамал қайтып келіп басына қонады. Ұшып жүрген бақ құсы басына қонғандай болады. Қажылық кейбіреулер ойлайтындай атак емес, мұсылмандық бес парыздың бірі екені белгілі. Қасиетті Меккеге барудың сәті түсіп, көп жайды көңілге түйіп қайтқаны да рас. «Қуанғаннан жүрегім жарылып кете жаздады. Тіпті жасыратын ештеңесі жоқ, өз басым ғажайып басқа бір әлемнен оралғандай болдым. Сіздерге тегіс бас амандығын, бес парызды орындауды тілеймін!» - деп ағынан жарылғаны есімде. Сол тілек те қабыл болды. Алланың сүйген құлы болған апаның есімі Қашар қаласында жана салынған мешітке берілді.

Кәмшат апа туралы жазған көптеген тілшілер оның трактор руліне отырғанын үлкен ерлік ретінде әспеттеп жатқанда да апай: «Мен кешегі Совет дәуірінде Социалистік еңбек ері атандым. Ол кезде заман солай болды, қыздар темір тұлпарды тізгіндесін деген ұран көтерілді, еңбегім жанды. Ал қазір қазақ қыздары меңгеретін мамандық толып жатыр. Келешек жастардың қолдарында. Келер ұрпақтан ұялмайтындай іс жасау керек. Менің басымнан бір қызық жағдай өткен. Мәскеуде үлкен жиындардың бірінде мен секілді тракторды тізгіндеген қазақ қызымен жолықтым. Сол жиында қыз-келіншектерді техника тілін меңгеруге шақырып, үндеу тастағанмын. Әлгі сіңілім «Басқа қыздарда не атанызыңның құны бар. Сіз тракторға отырды екен деп, олар да тракторға жармасуы керек пе? Міне, мен де май-май болып жүрмін. Жасым келіп қалды. Маған жігіт те қарамайды. Қыздар басқа қызмет істесе, кімнен кем. Кешегі сөзіңіз не?» - дегені ғой. Шынында да менің заманым басқа болатын. Трактордың тізгініне еріккеннен отырған жоқпын. Қазір қыз-келіншектерге мамандық көп. Мұғалім боласың ба, тәрбиеші боласың ба, дәрігер боласың ба, басқа мамандықты қалайсың ба – қалауың білсін. Кешегі қан майданда тракторшылар танкіге отырды. Елді жаудан қорғап қалды. Қыздар да ер азаматтармен бірге шайқасты. Медбике ғана болған жоқ. Әлия құралайды көзге атқан мерген болса, Мәншүк оксебер-пулеметті меңгерді. Отан үшін қыршынынан қиылды. «Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген рас. Қазір жастар осы заманға сай мамандықты меңгеруі керек» - дейтін.

Қазақ «өлі ырза болмай тірі байымайды» дейді. Алланы аузынан тастамаған апай осы дәрежеге жетуім алдымен Бір Алланың қолдауы, қалың елдің ықыласы, жолдасым Темірбектің сүйеуі болды деп жиі айтып отыратын. Отбасында екі ұл, екі қызды тәрбиелеп өсірді. Сырымы салық комитетінде жемісті қызмет жасаса, Асқар кәсіпкер болды. Гүлжан әскери қызметте еңбек етсе, Гүлшат бизнес-колледжде сабақ берді. Осы балалардан он шақты немере сүйді. Қылығы балдан тәтті Балтуған, Әйгерім, Әдия, Туғанай, Әнел, Мәдина,



Тұрсынай деген қыздары шаңырағының көркі. Тағы бір немересінің есімін ырымдап Нұрсұлтан деп қойды.

«Парасат» журналына берген сұхбатында апай: «Нұрсұлтан тоқсан бесінші жылы туды. Сол жылы Мендікара ауданындағы ауылымызға Елбасы келді. Есімін дәл сол кезде қойдық. Ол кісі маған жыл сайын жеделхат жолдап тұрады, жаңа жылмен, Наурыз тойымен құттықтауды ұмытпайды. Оны асқар таудай айбатымыз, алдымыздағы ақылшы-санатымыз, қорған болатын қалқан-болатымыз деп есептеймін. Атасының жолын берсін немереме деп тілеймін. Осы өмірде талай жайсандармен жолықтым. Дінмұхамед Ахметұлы республикада елдің ырысына ырыс қосуға атсалысып, аянбай еңбек еткен азаматтарымыздың бәрін жақсы білетін еді. Елге келгенде солардың бәрімен де кездесіп, хал-жағдайын сұрауға уақыт табатын. Атақты диқандар Жансұлтан Демеев, Аманкелді Исаков, Иван Рущкой, Алексей Сахно, Михаил Яровой сынды ерлерді, олардың өкшесін басып келе жатқан ізба-сарларын да жақсы танитын. Егін

алқабына шығып, дидарласып, әңгімелесіп қайтатын. Осындай жарқын жүзді жанды бір көріп қалудың өзі еңбек адамына үлкен мәртебе болатын. Ол кісі еліне сенді, адамдардың еңбегін, азаматтығын жоғары бағалады. Қырдағы мал бағып, егін еккен сан ұлттың өкілдері Қонаевты ыстық ықыласымен қарсы алатын. Оны асқар Алатаудай көруші еді. Тіпті заманында Брежневтен басқаға бас игісі келмеген біздің облыстың басшысы, адуынды Бородиннің өзі де Дінмұхамед Ахметұлын қатты сыйлап, Димекеннің мысы басып тұрушы еді. Қадірлі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы да осы дәстүрді жалғастырды. Ол кісімен егіс алқабында талай рет суретке түстік. Елдің жағдайын сұрап, қарапайым диқандармен тілдесетін. Қазіргі жастар сондай азаматтардан үлгі алса деймін»- деген болатын.

Апаның өзі де жастар үлгі алатын тұлғаға айналды. Өткен жылдың желтоқсан айында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ «Білім орталығында» аграрлық-техника және технология мамандығының оқытушылары мен студенттерінің ұйымдастыруымен Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева апамызға арналған «Батыр тұлғадан ізгі жол» атты еске алу кеші өтті. Кешке Еңбек Ері Сайран Бұқанов, Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова қатысып, Кәмшат апамыздың елге жасаған игі ісі мен өнегелі өмірі көпке үлгі болатынын жеткізді. Арнайы шараға ұйымдастырылып қойылған Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Қазақтың алтын қызы» аталатын кітап көрмесі көпті сүйсінтті. Кітап көрмесінде кітапхана қорындағы кітаптар мен әр жылдары жазылған мерзімді басылымдардағы мақалалар, фото-суреттер қойылған екен. Осындай іс-шаралар жер-жерде өтіп жатыр. Өйткені, Кәмшат апаның жасап кеткен ісі, айтып кеткен сөзі, артында қалдырған ізі көпке үлгі-өнеге.

Сондықтан да қала тұрғындары облыс орталығындағы көшелердің біріне Кәмшат Байғазықызының есімін беру туралы бастама көтерген ынталы топтың құрамында болдым. Кәмшат апа қандай құрметке де лайықты екеніне сенімім кәміл!

Апаның жетпіс жылдығы қала сыртындағы «Белая юрта» деген жерде өтті. Сол жолы екі бірдей темір тұлпар мініп, халықтың қошеметіне бөленген апаның мерейтойын мен өлеңмен ашып едім:

*Қазақтың мақтанышы Кәмшат деген,
Қыздар көп апамыздай болсақ деген,
Дүбірлі жиында да міне бүгін
Осындай кездесуді аңсап келем.
Па, шіркін! Келбет қандай, дауыс қандай?
Ақыл мен көрік бірге қауышқандай.
Көпшілік қалыпты ұйып, мен де отырмын,
Апаммен жаңа ғана қауышқандай.
Айтқанда ол ел жағдайын, жердің жайын,
Тер төгіп, дән өсірген елдің жайын.
Қазақтың даласына ұқсатамын
Кәмшаттың жарқыраған кең маңдайын.*

Шынында да Кәмшат Байғазықызы Сарыарканың құба беліндегі қазақ әйелінің жарқын бейнесі секілді еді. Жаны жәннатта болсын!

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Салмағы ауыр, сұрауы мол



Жаңа өмірге қадам басқан қазақ жастарының алдында тұрған міндеттер мен олардың мойынына артылған салмағы батпандай ауыр жауапкершілік туралы өзімнің ойларымды ортаға салып, дана халқымның пікірін білуді жөн көрдім.

Тағдыры мен болашағын саған сеніп тапсырған адамдардың алдындағы салмағы ауыр, сұрауы мол жауапкершілікті толық сезіну, тағдырлас кісілердің әрқайсысына қатысты өзінің міндетін білу және борыштарын абыройлы орындау үшін алдын-ала ұзақ жылдар жалықпай дайындалу, кездескен қиындықтарға төзіп, жеке басының мүддесін өте төмен ұстап, жақын адамдарына қуаныш пен бақыт сыйлауға, парыздарын абыройлы орындап шығуға өмірін арнау - бұл жауапкершілік деңгейі өте жоғары және өзіне қатаң талап қоя білетін, жолынан жығылмау үшін жеке басының мүддесін құрбандыққа шалу қолынан келетін, демек пендешілік сезімдерін жүрегінің төрінен қуып шығып, адамгершілік сезімдерге жүрегінің қак төрінен орын берген, жандүниесі рухани бай, қазақ халқының тектілігін бойына жинаған нағыз адамға ғана тән және сирек кездесетін тамаша қасиет.

Туған жері мен қазақ елін жаудан қорғау үшін сансыз ерліктер көрсетіп, қазақ халқының ұлы тарихын қанымен жазған және бүгінгі мемлекеттік тәуелсіздігіміздің дәнін сеуіп, негізін қалаған, ұрпағына кең байтақ жер, ұлттық рухани құндылықтар мен төл мәдениетімізді мирас етіп, соңына өшпейтін із, өлмейтін сөз қалдырған данышпан, батыр, әрі текті бабаларымыздың соңынан ерген бүгінгі жас ұрпақ қандай жауапкершілікті сезініп, қандай маңызды

істер атқаруы тиіс?

Туған жеріміз бен ұлтымыздың және мемлекеттік тәуелсіздігіміз бен қазақ елінің болашақ тағдыры - бүгінгі жастардың қолында. Кең байтақ туған жерімізді жаудан қорғап, ұрпақтан - ұрпаққа мирас ету, қазақ халқының санын көбейтіп, ұлттық болмысын сақтау, тектілігін тірілтіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мемлекеттік тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтау, қазақ елінің экономикасы қарыштап өсіп, дамып кеткен мемлекеттердің қатарына қосылуын қамтамасыз ету - бұл қазақ халқының ұлы тарихы алдындағы бүгінгі жастардың басты борышы, текті бабаларымыздың алдындағы ұрпақ парызы.

Бір - біріне керемет ғашық болып, махаббатқа мас болып жүрген бозбала пен бойжеткен отау құрған кезде алдарында қандай қиын сынақтар мен салмағы нардың да белін майыстыратын қандай ауыр жауапкершілік күтіп тұрғанын сезе ме екен? Өмірдің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан заңы бойынша кімдер өзінің тағдыры мен болашағын, абыройы мен беделін жас жұбайларға сеніп тапсыратынын үйленіп жатқан қыз бен жігіт біле ме?

Ержеткен жігіт үшін үйлену - сүйген қызына қосылып, оттай ыстық махаббаттың буына мас болу, жар сүю ләззәтін сезіну, ұрпақ сүю бақытына бөлену, жұбайы және балаларымен бірге ұзақ жылдар бақытты өмір сүру. Балаларын мәпелеп бағып, қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтықтырмай өсіріп жеткізген ата-ана үшін үміт күтіп отырған ержеткен ұлын үйләндіру - өздерінің тағдыры мен болашағын ұлы мен келінінің қолына тапсыру, жастарға тәуелді болу.

«Келіннің парыздарын» орындауға басын қатырмайтын қыздар «удачно» тұрмыс құрудың арқасында күйеуінің ақшасына сәнді киім киіп, қымбат көліктерге мінуді, зәулім үйде тұрып, бай өмір сүруді аңсайды. Болашақ күйеуінің сыртқы пішімі жігітке өте ұқсас, бірақ өзі ертегідегі «алтын балық» болғанын қалайды, яғни, келіншегі сұраған барлық заттарды ренжімей сатып алып бере беретін жомарт жанға, ал әйеліне бір де бір талап қоя алмайтын ынжық жігітке күйеуге тиіп, қыздар жанұялық өмірде өзі би, өзі кожа болуды армандайды.

Түн ұйқысын төрт бөліп, баласының табанына кірген шөңгірді өзінің маңдайына қадалуын тілейтін аяулы анасы мен асқар таудай пана болып, өмірге баулаған әкесінің тағдыры мен болашағын сеніп тапсыруға лайық қызды табуға, қайын атасы мен енесінің бақытты болуы келінге байланысты екенін түсінетін және жауапкершілікті мойнымен көтеріп, «келіннің парыздарын» бұлжытпай орындауға дайын ару қызды табуға жас жігіттің ақыл-ой парасаты жете ме?

Саналы жігіт мәпелеп өсірген мейірімді анасымен және көргенінен түйгені мол әкесімен ақылдасып отырып, аяулы ата-анасын ерекше құрметтеп, талаптарын қабақ шытпай орындайтын келін болуға лайық, атасы мен әжесін жақсы көріп, үміттерін ақтайтын болашақ немерелерінің анасы болуға лайық, күйеуін сыйлайтын ақылды, қайнылары мен қайын сіңілілеріне жақсы жеңге болуға лайық, абысынымен тату-тәтті өмір сүріп, қайын атасы мен енесінің үміттерін ақтау, қайын жұрты мен күйеуінің абыройын биікке көтеру қолынан келетін, анасы мен әкесінің және өзінің тағдыры мен болашағын сеніп тапсыруға лайық қазақтың жас ару қызын тауып алып, әкесі мен анасы келісімдерін берген қызға ғана үйленуі тиіс.

Әрбір жігіт өз отауының тізгінін өз қолында ұстап, келіншегіне қартайған әкесі мен анасын мәпелеп бақызуға сөзі өтсе, баласын атасы мен әжесінің қойындарына жатқызып, немерелеріне сақтаған махаббаттарынан шөлі қанғанша сусындатуға, тағылымы орасан зор ата мен әже мектебінен тәрбие алу бақытын өзінің балаларына сыйлауға жігіттің ақылы жетсе, келіншегі «келіннің парыздарын» бұлжытпай орындап шығып, күйеуінің көмекшісі, қолдаушысы, тілектесі болуға жараса, сонда әке-шешесін ұлы мен келіні, сый-құрмет көрсетіп, мәпелеп бағып отырған, демек, жастарының жүрегіне ұлттық рухани құндылықтарды сіңіріп, жауапкершілікті мойнымен көтере алатын саналы ұрпақ тәрбиелей алған дана халықтың болашағы зор.

Әрбір қазақ қызы тұрмысқа өзі бақытты болу үшін шықпай, қайын атасы мен енесіне және отағасына дені сау, саналы ұрпақ пен қуанышқа толы бақытты өмір сыйлау үшін күйеуге тисе, ал жігіттер ата-анасының үміттерін ақтай алатын иманды қызға үйленіп, әкесі мен анасына сүйкімді немерелерінің қызықтары мен қуаныштарынан тұратын бақытты өмір сыйласа, сонда ғана жас жұбайларға бақытты жанұя болуға, перзенттік парыздарын абыройлы орындап, өнегелі отбасы деңгейіне көтерілуге ақ жол ашылады және ата-анасының ақ батасын алу бақыты бұйырады.

Ата-анасына қамқор болып, туған жерін жаудан қорғау, қазақ халқының абыройын асқақтатып, елінің көркеюіне қомақты үлес қосу, ұлы бабаларының



алдындағы ұрпақ парызын абыройлы орындау қолынан келетін саналы жас ұрпақ қалыптасуы үшін әрбір жігіт пен қыздың бойында болуы тиіс қасиеттердің бірі – жауапкершілік. Бүгінгі жастардың бойындағы жауапкершілік деңгейінің төмендеп кетуі - бұл айтуға өте ұят істердің қоғамда орын алуына, арамызда бақытсыз адамдардың көбейіп кетуіне, қыздар мен жігіттердің рухани азғындау жолына түсуіне әкеліп соқтыруда және ұлтымыз бен қазақ елінің болашағына үлкен қауіп төндіруде. Демек, қазақ халқы мен қазақ елінің болашағы жарқын, ал тәуелсіздігіміз баянды болуын шын пейілмен тілейтін болсақ, онда кімдердің тағдыры үшін өзінің жауап беретіндігін түсінетін және жауапкершілікті қиналмай көтере алатын, намысты қолдан бермейтін саналы, білімді, қайратты, ұлтжанды жастарды тәрбиелеу – бұл алтын ұя мектептің бас ты міндеті, әрбір ата-ананың негізгі парызы екенін ұмытпайық, қадірлі ағайын.

Нұрлыбай АБАТОВ,
Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты

Өнер-білімге шақырған Ысқақ ақын

Ысқақ ақынның қолжазбасы менің қолыма кездейсоқ түсті. Ескі араб әрпімен жазылған дәптерді туыстарым қолынан алуын алғанмен, көп уақыт оқи алмай, дал болып жүр едім. Талдықорғаннан қайнағам Алпысбай Жұмаділұлы келгеннен кейін екеміз қолжазбаны төңкеріп оқып, қазіргі жазуымызға аударып шықтық.

Менің қолыма түскен Ысқақ ақынның екі-ақ өлеңі бар. Оның алғашқысы жастарға арналған. Ысқақ ақын да сол тұстағы барлық қазақ ақындары секілді жастарды ұйқыдан оянуға, өнер-білім үйренуге шақырады.

Ақынның жастарға деген ниеті мен мақсаты, олардан күтер үміті «Ал, жастар, өнер-байлық, ғылым деген, ғылымнан талапты ерлер ерінбеген» деп басталатын өлеңінде айқын бедерленген.

Ал, жастар, өнер-байлық, ғылым деген,
Ғылымнан талапты ерлер ерінбеген.
Не түрлі тамашаны көзбен көріп,
Істелген ғажайыптар Көрімменен.
Көкте құс мысалында ғайып болып,
Сағымдай жүріп кетер жерімменен.
Дүниеда өлшем қылар теңдесі жоқ,
Жұмыстан тыс қалғандай періменен.
Ғылыммен қасыл болған соның бәрі,
Жан қинап істемейді теріменен.
Дариядай қара жерге салған жолды,
Су жарған пароходпен оңды-солды,
Естімес хабарларды жер шетінен,
Алуға телеграмма созған қолды.
Адамзат мұны тапқан ғылымменен,
Өнерге бұл уақытта дүние толды.
Қорылдап, қараңғыда ұйқы бағып,

Құр қалған барлығынан қазақ сорлы, — деп қазақтың көзін ашуға ұмтылады.

Бұл өлеңнен оның XX ғасырдың басында немесе XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген ақын екенін байқауға болады. Қазақты оятуға деген талпыныс кейінірек Нұржан Наушабайұлы, Міржақып Дулатов шығармаларына арқау болғанын білеміз. Сонымен бірге Ыбырай Алтынсаринның «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінің де әсерін байқаймыз.

Екінші өлең «Ысқақтың өмір тарихы» деп аталады. «Ысқақтың өмір тарихы» қазақ ақындарында бұрын-соңды болмаған тың дүние, өйткені, Шал ақыннан бастап көптеген ақындар адам жасы туралы өлең шығарғанда, негізінен жастық шақтың қадірін айтып, көрілікке опынса, Ысқақтың ерекшелігі, ол он екі жастан бастап қырық тоғыз жасқа, яғни төртінші мүшелге дейінгі өмірінің әрбір жылына баға береді, сөзбен салмақтап, оймен саралайды, өз өмірін өзі бағалайды. «Қарындаш болды қалауым, енді сөйлет Ысқақты» — деп басталатын толғауда әр жасқа жеке-жеке сипаттама беріледі.

«Он екі жасым елендеп,
Қаламды қолға алғыздың.
Аққа қара салғыздың.
Үлкен менен кішіге
Сөзіме ғажап қалғыздың.
Бұралып басқан ізімнің

Буынын құртып, талғыздың», — дей келе, қыздардың есін алған, «осы біздің жар болар ма екен», — деп құмартқан, көз көріп, көңіл тойған, жастықтан басқа шаруаны жиып қойған дәуренді сипаттап, «өрісім тар боп аздықтан, аяққа арқан шалғыздың, топ ішіне кіргенде үні шықпас жалғыздың», — деген желдірткіп жазылған, бірінғай шұбыртпалы ұйқасқа құрылған жолдардан басталады.

Таласып шауып бөйге алған, қай мүшеден жай қалған он

жеті жас, тартысқа кіріп таласқан, ұрыспай жауды сынасқан он сегіз жас, ойкастаған он тоғыз, желдетіп жеткен жиырма, аттай шапқан жиырма бір, осы жастардың барлығын жіпке тізгендей суреттей келе, барлық ақындар жырлаған жиырма беске келгенде ақын тіпті көсіледі: Екпіні тауды жыққандай жиырма бес жалпы адамды кемсінбей, тең еместі мәнсінбей, көтеріп мұрнын шүйіреді. Толған айдың он төртіндей жиырма бес терең жерден жөн тапса, текті жерден тең табады. Жетесі жаман болмаса, жігітке жеті өнерді үйреткен де осы жиырма бес. Қылпылдаған қылыштай жанасып тұрған да осы жиырма бес. Ауыздығын шайнаған, күннен күнге жайнаған жиырма бес қызық қуған досынан да айырады, бірақ, сегіз қырлы, бір сырлы, қанжығасы қанданған, сыбағасы мол болған ақынның өзінің бейнелі сөзімен айтар болсақ: «тауар салған сандықтың кілтін қолмен бұраған» жиырма бес те баста тұрмайды. Бозбалалық пен қызыққұмарлық, намыс пен атақ іздеу секілді өткінші қылықтардан бой тартпаса да, ақын жиырма бесте ел қамын ойлау секілді өрелі істерге мұрындық бола бастайды. Ақ бүркіттей шарықтап, қияларға қарайды, ажалдан бөтен қауіп ойламайды, өнер-білім, қайратқа күш-қуатын жұмсайды.

«Өнер-білім, қайратым,
Ай мен күндей айбатым,
Таудан үлкен талабым,
Айдың көлдей алабым,
Жиырма бестің үстінде

Бір орынға жиылған», — деп ағынан ақтарылады.

Жиырма бестен өткеннен кейін ақын қалған жастарға да сыбаға үлестіреді, олардың әрқайсысының жақсылығы мен кемшілігін айтуды ұмытпайды. Орда бұзар отыздан кейін келген қырық жастың да лайықты бағасын береді. Отыз жас қанша жақсы болғанымен қырындап қырық та келіп қалды. Сақал-мұртқа дақ түсіп, жастықтың оты басылды. Ақ тісті кір шалды. Осындай сәтті теңеулердің өзі ақын айтып отырған жасқа берілген сипаттама тәрізді.

«Жаспын деп ойлап мен жүрсем, жеткен екен қырық жас жылжып бір судай жылымдап, жақсы көріп жастықты, сағынсам да шақырып, келетін емес тілімді ап» — деген образды сөз тіркестері тандай қаққызбай қоймайды.

Қырық бес жасқа жеткенде ақын дұшпанның оғы тигенін, көп жалаға күйгенін, басының қадірі кетіп, бейнетін малға сатқанын, көп уайым тапқанын тағы да баяндай келе, тіршіліктің опа бермейтінін айтып шағынады, бірақ, тағдырдың дегеніне бағынады. Қырық алты мен қырық жеті қорлық көрсетсе, дұшпаннан зорлық көрсе, тағдыр құрған мықты торды бұзудың қиындығын айта келе, бақыттың тұрақсыздығын, жалғанның опа бермейтінін баяндайды.

Көзге анық байқалатын жай, Ысқақ ақын қазақ-орыс қарым-қатынастары дамып жатқан кезеңде өмір сүрген. Бұған дәлел оның «маржа» сөзін қолдануы дер едік. Бір өкініштісі, ақынның туған, қайтқан жылдары белгісіз. «Сауысқан, қарға ел билеп, сұңқары кеткен тұғырдың, көбі пәле, азы у боп көп жасаған ғұмырдың, асылсыз адам әділсіз, содан жапа көрген соң, қайнағаны зығырдың» — деген сөздер Нұржан ойларымен сабақтас, өзектес. Нұржанның әйгілі «Заман-айында» да осындай ой айтылмай ма?

«Көрген жоқ еді еш жерде
Жақсылары жатырқап,
Орынбор мен Сібірдің.
Қанды балақ атасы,
Баласына жем болдым
Арам қатқан сиырдың,
Арасында жаралған

Екі кеш пен іңірдің».

Ақынның бұл жазғандарынан оның Орынбор, Қызылжар, Омбы, Атбасар аймағына аты мәшһүр ақын болғанын көреміз.

Қырық тоғызға келгенде ақынның шарасы таусылады, қараға тартқан парашыл жауыздарды көріп түңілгенін айта келе, «зорлықшыл іске түсінбей, жан-жүреппен шектедім, адамына қарамай, параға қарап айналып, көрсетті ғой антұрған құлқынның кеңіп кеткенін», – дейді.

Оқырмандар назарына Ысқақтың өмір тарихын түгел ұсынып отырмын.

Қарындаш болды қалауым,
Енді сөйлет Ысқақты.
Қисынын тауып қисындыр,
Өткен менен кеткеннен
Нақыл сөзді жай ұстап.
Тереңнен жисан термені,
Тірлігінде миға ұстап,
Ләззат дәмін алмасаң,
Оңай да болмас орнығып,
Сөз орнына қиыспақ.
Көрініп көзге түскендей
Ақындықтың ақ тонын
Айқындап қолмен қой ұстап.
Бытырап сөзім кетпесін
Екі де бас той ұстап,
Қайшы құлақ қазанат,
Бір шабарлық күй ұстап,
Сыналып сөйле сөзіңді,
Оң қолыңды хан қойып,
Сол қолыңды би ұстап.

Он екі жасым елендеп,
Қаламды қолға алғыздың,
Аққа қара салғыздың,
Үлкен менен кішіге,
Сөзіме ғажап қалғыздың.
Бұралып басқан ізімнің
Буынын құртып, талғыздың,
Көзі көріп, көңілі тойып,
«Болды маған бұл тең «,- деп,
Есін алдым ессіз қып,
Көңілде дерті бар қыздың.
Дейтін сөздер көп болды-ау:
«Болар ма осы жар біздің?!»
Өрісім тар боп аздықтан,
Аяққа арқан шалғыздың.
Топ ішіне кіргенде
Үні шықпас жалғыздың.

Енді келдім он үшке,
Қаламды салдым қол-күшке.
Таудан аққан бұлақтай
Өлеңім қайнап толды ішке.
Сыпайы шебер болдым деп,
Өр адамға лайық,
Айналды көңілім көнбеске.

Тағы да жеттім он төртке,

Қайнаған ішім толды өртке.

Өрт сөнбестен, молайса,
Кім шыдаған сол дертке?!
Аттап түстім ары асып,
Болса да бөгет жол кертпе.
Тағы да жеттім он беске,
Өлеңмен тіктім тон, кесте.
Бет алдымда қызық көп,
Келмеді шаруа сонда еске.
Кеудемде жарық от жанып,
Молайды күн-күн сөнбеске.
Жүргізді қызық жетектеп,
Бергендей алтын етектеп,
Кесірлік жоқ, қалам деп,
Менде де оған көнбеске.
Менен жақсы адам жоқ,
Ойын болған сол кеште.
Бір басымда қызық көп,
Аузым алтау, қол бесте.
Қолтықтасқан қызыл гүл
Мөлдіреп көзбен қараса,
Амалым нәшік, айламен
Сол қызыққа көнбеске.
Құр қолтыққа мәз болып,
Ерінген аттай есінеп,
Ұмытылып, түспеді
Тамақ пен ұйқы жөнді еске.

Тағы да келді он алтым,
Он алты жастан жоқ алтын,
Магнит көзді тартады,
Құндыз бөрік шок алтын.
Есептейтін есеп жоқ,
Екі де көзім жоғар-тын.
Екі жүзді қылыштай,
Уа, дариға, қайран жас,
Тұрмады ғой сол қалпым.
Бастағы қызық базарды
Көз алдымда жоғалттым.

Тағы да келді он жетім,
Қайда жүрсем, оң бетім.
Неше өленді тақтайлап,
Нәстүрік тілім өндейтін.
Көзімді тартқан сиқыр көп,
Ылажым бар ма көнбейтін,
Жанқалтама бір түспес,
Кәсіпке кірдім өнбейтін.
Таласып шауып бәйгі алдым,
Қай мүшеден жай қалдым,
Көп болды құрбым күндейтін.

Он жеті жас қалды да,
Енді келді он сегіз.
Мал мен бағың болса егіз,
Екеуі пар кез келсе,
Он сегізін жөн сегіз.
лім жаман бәрінен,
Лаулап жанып, сөнсеңіз,
Тартысқа кірдім таласып,
Ұрыспай жауды сынасып,
Не қылмайды дұшпаның,
Айтқанына көнсеңіз,
Таразыға таластым,

Шығам деп артық, өлшеніз,
Қайығым жоқ, кемем жоқ,
Ортасына құлаштап,
Түсіп кеттім өтем деп,
Кез болды түпсіз зор теңіз.
Токталып қалсам оңалмай,
Сүйегімді өртеніз.

Өтіп алып теңізден,
Он тоғызда ойкастап,
Керіліп, кербез бой тастап,
Білім, күшім теңеліп,
Ілгері жерге ой тастап,
Білегім қатты, жүрек зор,
Арыстандай айбатпен
Серкедей жүрдім қой тастап.
Шаршы көптің ішінде
Аққу құстай аңқайып,
Мойнымды толғап, той тастап,
«Мен білмеген не қалды», –
Деген көңіл жоғары,
Ойға да болдым ой қоспақ.

Алды-артымды самалдап,
Желдетіп жетті жиырма,
Нәсібін таттым бұйырма.
Қаршығадай қалшылдап,
Қызыл жемге ұмтылып,
Көзімді салдым қиынға.
Шауып жүрдім шалқақтап
Жылқыменен қиырға,
Біреулермен таластым
Ойын мен той, жиында.
Қатардан асып қармағым,
Ақ қайрандай ұстаған,
Шеберліктен жібермей,
Талабым асса, қиын ба?!
Қадірім артқан қайран күн,
Қарамаған тиынға,
Жаны пида жан достың
Қызметіне мың рақмет,
Өлі жүр ғой ұмытпай,
Саналы ердің миында.

Жиырманы қалдырып,
Жиырма бірге келгенім,
Еркіне көніп көңілдің,
Аттай шауып, желгенім.
Бабына түсіп жұлынған,
Жүйрігі болдым керменің,
Тастан тауым қайтастан,
Қияға қолды сермедім,
Қатар жүрген құрбыма
Сыбағамды бермедім.
Сөзім сынық, әдеппен
Білінді жұртқа зергерім,
Қызыл сағым түлкінің
Ізіне түсіп зерледім,
Қалаулы жерден атқан соң,
Көріңді көзге мергенім.
Дабыл қағып шақырған,
Жігіттіктің соңынан
Іркілместен ергенім.

(Жалғасы келесі санда)

Жаныма жақын жақсы аға

Сапакең маған берген бір кітабына «жаныма жақын ғалым ініме» деп қолтаңба жазып еді. Ағаның жылы лебізіне марқайып қалғаным рас-тын. Жанымыздың жақын болғаны ағайын туыстықтан емес, азаматтық ұстанымыздың, қоғамға, ел мен жерге, тілімізге деген көзқарасымыздың ой-толғанымдарымыздың ортақтастығы, бір нысанадан шығып жатқандығы еді. «Қауқарсыз қазақ мәселелерін» көтеру Сапакеңе онайға түскен жоқ, моральдық материалдық жағынан қиыншылықтар аз болмады. Біраз замандас, әріптестері, жерлестері Сапакеңнен алшақтап, қарым-қатынастарын үзе бастады. Осыған мысал ретінде бір жайды айтайын.

Сапакеңнің бір ғалым інісі өзінің мерейтойына мынандай айтулы академиктер, белгілі қоғам қайраткерлерін шақыратынын айтты. "Сапабек ағамыз да бола ма?" деп едім, "жоқ, бұл жолы ол кісіні шақырмаймын, мүмкін жеке қонақ қылармын" деді. Ұққаным, Сапакең саясатқа бармай, үнемі «мәдениетті» сөйлейтіні белгілі академиктер мен қоғам қайраткерлерінің шырқын бұза ма деп қауіптенеді екен.

Алайда ағамыз ел үшін, жер, үшін күресуде жалғыз қалған жоқ, пікірлес замандастары мен інілері Сапакеңе үнемі моральдік сүйеу болып қолдап, қолтаңба отыр-

ды. Ағамыздың бір мақаласында солардың атын атап ризашылығын білдіргені бар.

Сапакең о дүниеге атанғаннан кейін кітаптарын тағы бір оқып шықтым. Ғажап дүние. Тұнып тұрған тарих. Ресейдің қазақ жерін отарлау тарихы мәселесіне келгенде "кешегі қожамыз ренжіп қала ма?" деп айта алмай жүрген шындықты жайып салған. «Қатерлі дерт, қауқарсыз халық» кітабында Сапакең Ресей империясының боданы - қазақ елі қандай күйге түскенін былайша суреттейді. "Ресей империясының отаршылдық саясаты қазақ еліне қаудан шыққан өрт болып келді. Ол қазақ елінің сау жерін қалдырмай шарпыды. Басыңнан билігінді, қолдан еркіндігінді алып, жаныңды бір күйдірсе, жаңылыс бассаң ауыр жазаға тартып, төнінді екі күйдіреді. Қатар ұшып қаңқылдау қайда? Қазақ байғұстың төрт құбыласын бақытсыздық жайлап, қараңғыда қарманумен күн кешті". Ресей отаршылдарының қылмысқа пара-пар зұлымдық саясатына бұдан артық қандай баға беруге болады.

Және де патшалық әкімшіліктің зұлымдық саясатын нақты құжаттармен, деректі көрсеткіштермен дәлелдейді. Қазақты елінен, жерінен бір жолата айырған патша әкімшілігінің 1822, 1867-1868, 1898 жылдары шығарған жарлықтарына терең тарихи талдау жасайды.


Тарих шындығын не үшін білуіміз керек? Тағлым алу үшін, өткен өкініштерді қайталамау үшін білуіміз керек. Әсіресе жас ұрпақтардың санасына сіңіру үшін, Тәуелсіздіктің мән-мағынасын, парығын терең сезіну үшін.

Мен журналист кадрларының бірнеше буынын даярлауға үлес қосқан ұстаз ретінде Сапакеңнің ғалым, зертеуші журналист екенін ерекше атап өткім келеді. Иә, нағыз журналист қоғамды толғандырып отырған өзекті де өткір мәселелерден тыс қала қалмайды, бейтараптық оған жат дүние. Сапакең бір сұхбатында Сұлтанмахмұттың мына бір өлең жолдарын келтіреді:

*"Өгіздей ен маяда шөпке тойып
Тамақ көп деп, қайғының бәрін жойып,
Артық семіріп, бақыт сол деп,
Жүрейін бе, басқа ойдың бәрін қойып".*

Иә, Сапакең қайғының бәрін жоя алмады, басқа ойдың бәрін қоя алмады. Ақан, Жақан, Сұлтанмахмұттардың салған жолымен туған халқының мұң - мұқтажын жоқтай білді. Саналы өмірін ұлы мақсаттарға сарп етті, Әйтпесе, ағамыздың тамағы да тоқ, көйлегіде көк болып, наградалар бірінен бірі төске қадалар ма еді. Қаламы ұшқыр, тілі жүйрік ағамыз жағымды мақалалар жазып, көптеген марапаттарға ие болар еді. Астана төрінен көрікті үй алып, жас жұбайы Зинахан жеңгемізбен қол ұстасып, біршама жасамыс боп қалған Қозы мен Баяндай, міне бақыт деген осы деп, кешкі серуенге шығар ма еді. Бірақ, Сапакең ағамыз басқа жолды - күрес жолын тандады. Туған халқының бар қайғысын, бар ойын өз мойнына артып, саналы өмірін еліне, жеріне қызмет етуге арнады. Бәлкім, журналист-жазушы, күрескер ағамыз Сапабек Әсіпұлының шынайы бақыты осында болар.

Ағыбай МҰҚАТАЙҰЛЫ
тарих ғылымдары кандидаты, профессор,
Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі



Айтыс қазақтың қазынасы

Айтыстың дәстүрлі өнерге айналуына бұрынғы заманда көшпелі халық тікелей әсер еткен сияқты, бүгінде айтыстың қоғам үшін алар орны ерекше.

Қазіргі таңда еңкейген қарттан бөлек айтыс аудиториясының басым көпшілігін жастар құрайды. Иә, бұл қуантарлық жәйт. Демек, айтыс мәңгі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып ғасырлар жемісі, ұлттық құндылық болып қала бермек. Оған қаламыздың төрінде өткен айтыс куә. 4-5 қазан аралығында өңіріміздегі Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филормонияда облыс әкімінің қолдауымен араға 75 жыл салып «Тобылым – Торғайым, жүректен толғайын!» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Айтыс қазақ батыры Шақшақ Жәнібектің 325 жылдығына және көрнекті ақындар Ақсұлу Орысбайқызының 125 жылдығына, Қайнекей Жармағанбетовтың 100 жылдығына арналған.

Ақындардың басын қосқан бұл іс шараның басты мақсаты: рухани жаңғыру жобасы аясында жастарды патриоттық тәрбиеге баулу, мықтыны анықтау, халыққа айтыс өнерін насихаттау. Дүбірлі додаға жан-жақтан еліміздің азулы ақындары жиналды. Атап айтсақ, екі мәрте «Алтын домбыра» жүлдесінің иегері қызылордалық Мұхтар Ниязов, ел мақтанышы Айбек Қалиев және елге танылып келе жатқан ақын қыз-жігіттер Қазірет Бердіхан, Мейірбек Сұлтанхан, Салтанат Өтелбаева, Әсем Ережеқызы, Шұғайып Сезімхан, Тоба Өтепбаев, Батырлан Сағынтаев, Азамат Мөлжанбай, Медет Байзақов, Марат Ахметов, Қанат Мырзахан, Марғұлан Оспанов қатысты.

Орақ тілді ақындар сөз қисынын келтіре отырып түйткілді тақырыптарды қозғап, қоғам өмірінде көрініс тауып жатқан қилы мәселелерді тілге тиек етті.

Аламан айтысты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Жүрсін Ерман жүргізді. Әділ қазылар алқасында қазақ ауыз әдебиетінің айтыс деген үлкен саласына өз үлестерін қосып жүрген аяулы өнер иелері ақын Әсия Әйіпқызы, Әселхан Қалыбекова, журналист, ақын Ақылбек Шаяхмет, ақын Нұрканат Құлабаев, облыстық мәдениет және өнер орталығының директоры Бауыржан Халиолла, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Ерлан Қалмақов төрелік етті. Аламан айтыстың бірінші күні ақындар іріктеуден өтіп, екінші күні финалға шыққан жүйріктер өнерлерін барынша ортаға салып, дүбірлі тойды жандандырды. Әділдіктерін танытқан төрешілердің шешімі бойынша жыр додасында қара қылды қақжарған қызылордалық Мұхтар Ниязов Қостанайда құралған Peugeot автокөлігін олжа етті. Темір тұлпардың кілтін жүлдегердің қолына облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев табыстады. Бірінші орынды жүйріктей оза шапқан алматылық сөзуар ақын Шұғайып Сезімхан иеленсе, екінші орын от ауызды торғайлық ақын Айбек Қалиев пен Алматы шаһарынан келген Қазірет Бердіханға бұйырды. Ал үшінші орынды топтан дараланған қызылордалық ақын Мейірбек Сұлтанхан мен ақтөбелік ақын Марат Ахметов қанжығаларына байлады. Сондай – ақ, арнайы марапаттар, Шақшақ Жәнібек атындағы сыйлық қостанайлық тілге жүйрік ақын Марғұлан Оспановқа, Ақсұлу Орысбайқызының атындағы жүлде тараздық ақын Қанат Мырзаханға табысталды. Домбыраларын күмбірлете келген қалған ақындарға 200 мың теңге ынталандыру сертификаттары мен марапаттар берілді.

Айым АБДРАШИТ

ГӘФ журналистика мамандығының 3 курс студенті



Сериалдар сананы улауда

Бүгінде көпшіліктің көгілдір экраннан көз алмай көрері – алуан түрлі сериалдар топтамасы. Әсіресе, естіген жанды көңілді әуенімен елітіп, ырғақты биі, сәнді сариімен қызықтыратын үнді сериалдары осы топтаманың көшін бастап тұр.

Көрерменге көркем көрініс сыйлайтын көк жәшікті қосып қалсаңыз үнді сериалдарынан көз ашпайсыз. Оның дәлелі, қазіргі таңда Қазақстан ұлттық арнасындағы «Қыздарым үшін», КТК арнасында «Тағдырмен тартыс», «Келіндер», 31 арнада «Киелі неке», Астана арнасында «Гүнештің қыздары», «Абысындар», Еуразия бірінші арнасынан «Джодха және Акбар» және «Қыздың жолы жіңішке», «Тағдыр қосқан асыл жар» сериалдары көрермен назарында.

2008 жылдан бастап көрерменге жол тартқан үнді телехикаяларына ықылас та ерекше. Сұранысқа ие сериалдардың кейбірі салт-дәстүрімізге, ұлттық құндылықтарымызға көлеңкелі жағын түсіріп үлгерді. Үнді елінің мәдениетіне деген қызығушылықтың салдарынан 2013 жылдан бастап Қазақстан қалаларында «Холи» фестивалі ұйымдастырылып келеді. Бұл фестиваль елімізде дәстүрге айналып отыр.

алдар арқылы адамдардың алтын уақыттары ұрланып, санасы тұманданып жатыр. Бұлай дейтін себеп, мұнда да отбасы мүшелері арасындағы бір-біріне деген өшпенділік, аяқтан шалу, кек алу, апалы-сіңілі қыздардың бір-бірінің махаббаттарына опасыздық жасауы, тағы да толып жатқан адами құндылықтарға жат дүниелер насихатталады. Сол арқылы халықтық қалпымыз бен ұлттық болмысымызға нұқсан келуде.

Жаңбыршықызы Аяулым, студент: Қазіргі үнді телехикаялары адамның жүйке-жүйесін зақымдап, тез ашуланшақ, қызба ғып жібереді. Себебі, үнді телехикаяларында әділетсіздік шектен тыс, жауыздық әркез жеңіске жетеді, ал әділ, таза, шыншыл кейіпкерлері иегінің астындағыны көрмейтін ынжық, ез, әлжуаз, кім не айтса соған сенетін, бір сөзбен айтқанда мүмкіндігі шектеулі адам. Жауыз, сұрқия кейіпкерлері ойларына келгенін іске асырып жүре береді. Көрерменді үміттендіріп, серпілтіп отыру да керек қой. Осыны үнемі көрген адам қаны көтеріліп, ашуланып, ызаланбағанда қайтесі?! Жүйкеге үлкен салмақ. Осы телехикаялардың көрерменнің жүйке-жүйесіне,



Халық тек үнді сериалдарын ғана емес, түрік, корей сериалдарын да көреді. Мүмкін бұл біздің қазақ кино индустриясының дамымағанынан болар. Бұл сериалдардың бізге беретін ешқандай тәрбиелік мәні жоқ. Керісінше бұл сериалдар біздің санамызды улауда. Киноөнімдер арқылы өзге елдің салт-санасын дәріптеу тұтас бір елдің санасына сызат салатын мәселеге айналып кетуі мүмкін.

Әдетте, киноны идеология деп жатамыз. Сол киноларды күнделікті көрсететін – телеарналар. Қазақстан телеарналары тәуелсіз еліміздің идеологиясына қызмет етуге тиісті емес пе? Осы орайда бір қисынды сұрақтың төбесі қылтимай тұрмайды. Қазақстан телеарналарына рейтинг қымбат па әлде ел мен мемлекет қымбат па? Өкінішке қарай, қазір рейтинг көрсеткіштерін қуу белең алды. Соның салдарынан еліміздің жастарына патриоттық тәрбие беру, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, қазақтық қалпымыздың құндылықтарын кеңінен насихаттау, елдік және мемлекеттік рухты орлету секілді маңызды мәселелер сол рейтингтердің тасасында қалып қойды. Сонда еліміздің Тәуелсіздігін баянды етуге қызмет етпеген телеарналарды мемлекет тарапынан қаржыландыру қажет пе өзі деген өткір сауал туындайды.

Дүкенбай Назерке, студент: Отандық телеарналардағы ойдан шығарылған, ертегіге ұқсас бітіп болмайтын сери-

алдар арқылы адамдардың алтын уақыттары ұрланып, санасы тұманданып жатыр. Бұлай дейтін себеп, мұнда да отбасы мүшелері арасындағы бір-біріне деген өшпенділік, аяқтан шалу, кек алу, апалы-сіңілі қыздардың бір-бірінің махаббаттарына опасыздық жасауы, тағы да толып жатқан адами құндылықтарға жат дүниелер насихатталады. Сол арқылы халықтық қалпымыз бен ұлттық болмысымызға нұқсан келуде.

Талғат Айдана, студент: Сериалдардың сан алуан болатынына қарамастан олардың бәріне тән қасиеттерді, мысалы кемшіліктерді табуға болады. Ең әуелі, сериал көру - текке кеткен есіл уақыт. Уақытыңды сериал қарауға жұмсаған жағдайда жылына 3-4 ай жиналып қалады екен. Және сериал қарау арқылы бір жаңа нәрсе табу не пайдалы нәрсе үйрену аса сирек кездесетін құбылыс. Осы уақытты тиімді пайдаланған жағдайда шет тілін еркін меңгеріп алуға.

Түйін: Қазіргі таңда созылмалы сериалдар қазақ қоғамын теріс бағытқа бұрып жіберді. Мемлекеттік тұрғыда ақпараттық қауіпсіздік мәселесін жедел қайта қараудың қажеттігі білініп тұр. Ал әзірге шұбалаң сериалдар Қазақстан арналарын жасауға алды. Ұлттық қасиеттеріміз бен құндылықтарымыз қолжаулық бола бере ме? Мұның шешімі табылатын күн қашан туар екен?! Алайда санамызды жасауға алған телехикаялардың тәрізімізден қашан ығысары әзірге белгісіз.

Аякөз ҚОЖАБЕКОВА,
ГӘФ журналистика мамандығының 2 курс студенті

Теледидардың балаға әсері


Бүгінгі таңда бала тәрбиесі – аса күрделі процесс. Баланың қалыптасуына бірден-бір әсер етушілер: ата-ана, балабақша, достары мен жақындары, сонымен қатар қоршаған орта болу керек, ал соңғы он шақты жылда осы тізімдердің қатарына теледидардың да қосылғанын көруге болады. Санасы қалыптасып, оңы мен солын енді ғана үйреніп келе жатқан балаға теледидардың әсері бар ма?!

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, теледидар көрермендерінің басым бөлігі балалар мен жасөспірімдер. Олардың айтуы бойынша, әр бала шамамен уақытының отыз пайызын экран алдында өткізеді екен. Сонымен қатар, шамамен жеткіншектер күніне 17 өлім, 37 мейірімсіздікке толы көріністерді көреді. Осыдан-ақ балаңыздың дүниетанымы мен жүйке жүйесінің қалыптасуына теледидардың қаншалықты әсер етіп жатқанын аңғаруға болады. Бүлдіршіндердің теледидардан көріп тамашалайтын туындылардың басым бөлігін мультфильмдер құрап отыр. Көгілдір экраннан көрсетіліп жатқан тәрбиелік мәні, бала психикасына әсер ететіні белгілі. Жас баланың көрген, білгендерін жадына тез сіңіретінін білеміз. Сондықтан да, кейіпкерлерді қалай қабылдайтыны өте маңызды. Осы орайда, ата-ана баласына тиісінше шектеулерді қойып отырғаны абзал.

Өсіресе жаңа қалыптасып келе жатқан бала санасына теріс түсінік түзетін тұстары жетерлік. Мысалы белгілі "Том мен Джери" мультфильмін алайық. Біздің түсінігімізде тышқан – кеміргіш, зиянкес тіршілік иесіне жатады. Ал мысық үй жануары, осы зиянкестен қорғайтын адамның досы екені мәлім. Бірақ мультфильмде тышқан жағымды кейіпкер есебінде, көрушінің оған деген аяушылық сезімін тудырады. Мысық керісінше зорлықшыл кейіпкер ретінде көрсетіледі. Бұл аздай екеуінің бірін-бірі қуалап жүріп қиратпаған дүниесі қалмайды. Олар үшін ештеңенің де қадірі жоқ, жиюлы дүниені жау шапқандай етіп талқандап, тіпті үйдің де тас-талқанын шығарып қирату түк емес. Үй салу, кез-келген мүлікті жасап шығару үлкен еңбекті талап ететіні мәлім. Ал мынадай мультфильмді тамашалаған баланың санасында адам еңбегін қадірлеу туралы түсініктің қалыптасуы да қиын. Сондай-ақ кеміргіш тышқанды жағымды етіп көрсету арқылы жаман мен жақсының орнын алмастырып, баланың дүниетанымын адастырады. Тере берсең мұндай мысалдар жетерлік.

«Талдың дұрыс өсуі, отырғызуына байланысты» демекші, біз де балаларымыздың тәрбиесіне жастайынан көңіл бөлгеніміз жөн. Егер де олардың жетіліп, тұлға болып қалыптасуына сіз оңтайлы көмек көрсетсеңіз, бәрі де жақсы болады. Балалар сіздің болашағыңыз, сол себептен де бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарағаныңыз жөн!

Назерке ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ,
ГЭФ журналистика мамандығының 2 курс студенті



Менің таңдауым

Ұстанымсыз адам ескексіз қайықпен тең. Бұл қағида адам баласының рухын биік ұстауға, алға өзін жетелей білетін киын сәтте жанға демеу беретін күдіретті күш деп ойлаймын. Үлкен өмірге қадам басқан сәттен-ақ көп дүниелерге таңдау жасауға тура келеді. Ата-аналарымыз бала күнімізде барлық таңдау тікелей өзіміздің қалауымызбен жасалатын болды. Сәби күнімізде ойыншық таңдап, оқушы шағымызда мектептегі пәндер мен дос-күрбылар таңдай бастасак, ал қазір міне мамандық таңдап, болашақты айқындайтын сәт те жетіп қалды. Әр адамның жан дүниесінде, жүрек түкпірінде тамыр жайған арманы, өмірлік ұстынымы болады. Олар сенімен бірге өседі, өркендейді. Дәл осындай аласармайтын асқақ арман, балаң жүрегіміңнің қалауы менде де бар. Ол – қаламы қарымды журналист болу. Балауса бала күндерімнен теледидар бағдарламаларын, жүргізуші аға-апаларымыздың татымды сөздерін тұшына тындадым. Тіпті менің кейбір мінез иірімдерім, сөйлеу мәнерім, әдебім сол кейіпкерлерге ұқсап кетеді десем қателеспес едім. Бұл мамандықтың мені қызықтыратын жақтары жетерлік. Солардың ішінде тілшінің шындықты айтатын, тек шындықты жақтайтыны, сөзге шешен, ұтқыр ойлы, жан дүниесі әсем, кез келген адаммен сөз табыса алатын, қарапайым, білімді адам болуы жаныма жақын болып келеді. Ашы болса да, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісінің маманы болғым келеді! Кім біледі, менің бүгінгі арманым – ертеңгі болашағым болар? Олай болса, болашақ мамандығым жайлы айтып кеткім келеді. Қасиетті Абай атамыз: "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!" – деп еді. Онысы әр адам өмірде, мансаптық жолында, жеке іс басылық жұмыста өзіне лайық орын тауып, беделді адам бол дегені.

Бұл мамандықтың қызығы мен қиындығы қатар жүретінін терең түсінемін. Оның қыры мен сыры, күнгейі мен теріскейі, алына берОсы "тар жол, тайғақ кешулерде" шаршармын, кейде "адасармын", бірақ көздеген мақсатым – түбірлі де түбегейлі шешім.

Меніңше, тілші болу өте қызық. Сонымен қатар өте қауіпті жұмыс болып табылады. Бұл мамандықтың иелері — әрдайым ізденісте жүретін өте шығармашыл, еңбекқор жандар. Кездескен қиындықтарға қарамастан, өз қызметіне әрдайым мығым болады. Ешқашан айтқанынан танбайтын, батыл, шыншыл жандар. Мен де соларға қарап бой түзеп, болашақта өз еліме адал қызмет еткім келеді. Ұйқыннан оянғанда бүгін сені қандай жаңалықтар күтіп тұрғанын білмейсің, қандай оқиғалар болып жатыр, кімнің тағдырына араша түссін, соны ойлағанда жаның жай таппайды. Бәрі белгісіз.

Айтып кеткендей, бала кезімнен бастап түрлі бағдарламалар, жаңалықтар көруге құмар едім. Теледидарда сөйлеп жатқан аға-апаларымнан үлгі алып, олардың сөйлеу мәнеріне ғашық болдым. Сондайда жер-дүниенің жаңалығын жеткізетін Мәдина Балғабаеваның тіл мәдениетіне, салмақтылығына қызығатын едім. Көк жәшіктің ар жағынан жүргізуші апамды көрген сайын жақынымды көргендей ішім жылып сала беретін. Жаңалықтарды көріп алған соң, мен де өзімше Мәдина апам сияқты айнаның алдына отырып алып, көрген-білген, естігенімді тәптіштеп, әдемілеп айтуға тырысатын едім. Мен Мәдина Балғабаеваны қазақ телевизиясында өз қолтаңбасы бар тележурналистердің бірі деп еш ойланбастан айта аламын. Мәдина Балғабаеваның

жаңалықтарды жүргізгенін көріп отырып, мен де осындай болсам екен деп қиялдайтынмын. "Мәдина сияқты журналист болсын" деп жана туылған қыздарға ырымдап Мәдина Балғабаеваның есімін қойып жатқандарды естігенде тіпті қызығушылығым арта түсетін еді. "Менің де есімімді жұрт теледидардан көріп, Нұрайдай болсын деп қыздарына менің есімімді берсе ғой!" дейтінмін бала қиялмен.

Соңғы жылдары мен үшін "Біздің назарда" бағдарламасының орны бір бөлек десем, артық айтқаным емес. Ақырын ғана бағдарламаны артық шоусыз шебер жүргізетін Жансая Қожахметованың орны ерекше. Асықпай баппен сөйлеп, қазақ елінде болып жатқан маңызды оқиғалар мен жаңалықтарды, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін халыққа 15 минут ішінде дәл және анық жеткізе білетін Жансая апамның тележурналистикадағы өз жолы дара. Бұл – менің ойым. Дегенмен менің ойыммен кім де болса келіседі деп ойлаймын. Өйткені жібектей мінезі, салмақты да салиқалы сөздері, тігісін жатқызып жеткізетін астарлы ойлары нағыз майталман тележурналистің өзін танытып тұрады.. Жансая апамды теледидардан көрген сайын осындай ойлар келеді маған. Міне, нағыз қазақтың қазіргі заманғы қыздарының келбеті деп тамсанамын. Тамсанып отырып, таңдайымды қағамын. Тайдайымды қаға отырып, таңдауым журналист болу деймін.

Келтірілген мысалдар, ондағы журналист апаларым, менің журналистиканы таңдауыма себеп болған десем, жаңылыспаймын. Сөздің иіні келіп тұрғанда, қызығы мен қиыншылығы көп журналистиканы таңдауыма апамның да үлесі бар деген ойды айта кеткім келеді. Апамның өзі өлең шығарып, қағаз жазып отырғанды ұнататын. Мені кішкентай кезімнен осы мамандыққа баулыған болатын. Тіпті мен туған кезімде мен журналист болсын деп менің есімімді сол кездегі танымал тележүргізушілердің бірі Нұрай Мұқадестің есіміне орай, ырымдап қойған болатын. Әрине, "Халықтың көзі, құлағы, һәм тілі" болу да оңайға соқпасы белгілі. Бұл мамандықта, менің ойымша, журналистің алдында екі түрлі жол тұрады. Біріншісі, ел мұнын жоқтамай, жазған мақалаңда жазалыларды мақтап, жапа шеккендерді даттап, әлдекімдерге ұнауға тырысу. Сонда бәрі тез орындалады. Баяғы сарай ақындарынша мансапқа да, байлыққа да тез жетесің. Бірақ бұл – Жиренше шешен айтқандай "жақын, жақын да болса алыс жол". Өйткені тез ұмытыласың. Қазіргі жауыннан кейін қаптап кеткен сауырауқұлақтардай көбейіп кеткен кей тележүргізушілер сияқты атың тез өшеді. Екіншісі, айтқаның алысқа жететін, жазғаның жел қозғайтын журналист болуға тырысып, иенің ұшындағы, сыздауықтың өзегіне жиналған мәселелерді қозғау. Бұл – Жиренше шешен айтқандай "алыс, алыс та болса жақын жол".

Қорытындылай келе, тасқа таңбамен із қалдырған ата-бабаларымыз секілді мен де өз ізімді осы салада қалдырғым келеді. Тек менікі тасқа басылмаса да, таспаға басылып, төрт тарапқа таралса деймін. Еліміздің өткені мен ертеңін таспаға таңбалағым келеді. Бұлай істей алуыма жұдырықтай болса да, жүрегім сенеді. Сөз соңында айтарым, "Атанның баласы болма, адамның баласы бол" деген Абай атамыздың өсиетін өмірлік ұстанымым ете отырып, қазаққа ғана емес, жалпы түркі жұртына, бүкіл адамзатқа қызмет еткім келеді.

Нұрай САПАРБЕКОВА,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ журналистика
мамандығының 1 курс студенті

Журналист атану үшін...



Бала кезімнен журналистикаға деген құлшынысым өте жоғары. Сегізінші сыныпта оқып жүргенімде теледидарды жиі қарайтынмын. Бір күні «Қазақстан» ұлттық телеарнасында жаңалықтар басталып кетіпті. Арғы бөлмеде отырсам да экран дауысына елітіп, кеңет керемет бір дауысты құлағым шалды. Орнымнан атып тұрып, дереу теледидардың қасына келіп отырдым. Экраннан жүзі жарқын, салмақты, үстіне көк костюм киген жас жігітті байқадым. Ол кісінің аты-жөні Мейіржан Әлібекұлы. Осы сәттен бастап журналист болуды армандап келемін.

Бүгінгі күнде өз маманымның шебері болу үшін қолымнан келген барлық жағдайды жасап жүрмін. 2017 жылы қалалық «Мен жүргізушімін» сайысында бірінші орынды иеленіп, бұл журналистикаға деген шабытымды одар әрі арттыра түсті. Әрбір жеңіс, әрбір тәжірибе менің журналист боламын деген сенімімді алға қарай жетелей түседі. Осы жылдың тамыз айында өзімнің сүйікті мамандығымға түсу үшін, шығармашылық емтихан тапсырдым. Екі кезеңнен де ең жоғары баллды қоржынға салып, университетке қарай беттедім. Жоғарғы оқу орнына кіргенімнен бастап, маған өте қатты ұнады. Қазір мен Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде біліп алып жүрмін.

Алғаш келгенімнен бастап тез сіңісіп кеттім. Себебі, өзім тандап келген, сүйікті мамандығым. Өтіп жатқан әрбір сабақ, жинап жатқан әрбір тәжірибе мені биік шыңға жетелейді. Жақында Қазақстан-Қостанай арнасына барып, бізге экскурсияны жүргізген Бауыржан Бөгенбай ағамыз. Ең алдымен сол жердің мұражайына барып, тарихымен таныстық. Кейіннен студияларды аралап, экран алдында өзімізді байқап көрдік. Жалпы теледидардың алдында өзімізді қалай ұстауға, дауысымызды ретке келтіруге көптеген жаттығулар жасадық. Бауыржан ағайдың айтуы бойынша «Журналист ешқашанда нағыз маман шебері атанбайды. Себебі журналисттің күннен-күнге білері, үйренері өте көп». Егерде оқуымды ойдағыдай аяқтап жатсам, міндетті түрде осы жұмыс орнында қызметімді атқарамын.

Менің кешегі арманым, бүгінгі мақсатым. Алдымдағы қиындықтарға төтеп беріп, өзімнің ойымды іске асыруға дайынмын. Мен теледидар арналарында жұмыс жасап, жаңалықтарды жүргізсем деген үлкен мақсатым бар. Журналист маманы атану үшін тымбай еңбек етіп, көп іздену қажет. Мен журналист кәсібіне білім алып жүргеніме өте ризамын.

Оразғали НҮРҒАЛИЕВ,
ГЭФ журналистика мамандығының 1 курс студенті

Зерделі зияткерлер аламаны – Қостанайда!

Назарбаев зияткерлік мектептерінің 10 жылдық мерейтойы қарсаңында Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ұйымдастырумен оқушылар арасында шахматтан IV желілік турнир өтті. Турнирдің басты мақсаты – Халықаралық гроссмейстер Дәрмен Садуақасовтың кубогын сарапқа салатын XIII Республикалық шахмат турниріне оқушылар арасынан іріктеу жүргізу.

Жарысқа республикалық Елбасы мектептерінен 21 команда бақ сынады. Облыс орталығынан 50 шақырым жерде орналасқан «Жайлау» демалыс орталығы қонақтар үшін нағыз демалыс әрі сайыс мекеніне айналды.

Турнирдің ашылу салтанаты келесі күні таң сәріден басталды. Оқушылардың кешегі тарихқа сүйеніп ойластырған қойылымы аясында шахматтың отаны Үндістанға саяхаттап, ойынның пайда болуы, шахматтың патшайымы Каиссаның өмірімен танысты. Турнирге қатысушы 90 оқушы, 30 жетекші мен ата-аналар ресми түрде түкпір-түкпірден келген командалармен өзара танысты. Жарыста бақ сынауға Назарбаев зияткерлік мектептерінен бөлек, Астана қаласындағы Халықаралық мектептің оқушылары да бақтарын сынады.

Желілік турнирдің ашылу салтанаты «Назарбаев зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы, «Дамыту» орталығының аға менеджері Мира Нұрпайқызы Битенбаеваның алғы сөзімен басталып, Қостанай қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры Думан Нәбілұлының



құттықтау сөзімен тәмамдалды. Сәттілікті жанына серік еткен оқушылар бірден ойынға кірісті. Турнирге шахматтан бірнеше мәрте жеңімпаздар, Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары төрелік етті. Қазылар алқасының жетекшісі, аталмыш мектептің мұғалімі – Метелено Екатерина Сергеевна. Екі күнге созылған ойын барысында 3 жас аралық тобы бойынша оқушылар іріктеліп, командалық есепте Қостанай қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің командасы 3-орынға ие болды.

Екінші орынға ару қала Алматының физика математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің командасы тұрақтаса, 1-орынды Елордамыз Астана қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің командасы қанжығасына байлады.

«Ең үздік жаттықтырушы» аталымында жеңіс тұғырына көтерілген 3 команданың жетекшілері марапатталды. Ал, жеке есеппен кіші жас тобы бойынша ұлдар арасында 1-орынға ие болған Әлидар Құрмантас (Көкшетау), қыздар арасында Әлима Өмірсерік (Талдықорған); Орта жас тобы бойынша ұлдар арасында 1-орын Алмас Жораевтың еншісінде (Астана), қыздар арасында Аружан Каймолдина (Семей); Үлкен жас тобы бойынша ұлдар арасында жеңімпаз атанған Әлраи Алдабергенов (Қостанай), қыздар арасында Әнел Түрікпенова (Астана).

Дәл осы жеңімпаз 6 оқушы 28 қазан мен 4-нші қараша аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өтетін оқушылар арасындағы XIII Халықаралық шахмат турниріне жолдама алды. Ақмола облысы, Щучинск қаласы, Бурабай шипажайы, «Приозерный» демалыс орталығында өтетін турнирде Халықаралық гроссмейстер Дәрмен Садуақасовтың кубогы сарапқа салынады.

Айдана ӨМІРЖАНОВА,
Назарбаев зияткерлік мектебінің музыкалық
жетекшісі



XXI ғасырдағы ақпараттық сауаттылықтың маңыздылығы



Ақпараттық маңыздылықты талдамас бұрын, ең алдымен ақпараттың не екенін біліп алған жөн. Негізінен «Ақпарат» термині латынның «түсіндіру,баяндау» сөзінен шыққан. Ал, жалпы түрде ақпарат дегеніміз - ол өмірді нақты әрі дәл сигналдармен бейнелеу.

XXI ғасыр компьютерлік ақпараттар заманы. Ақпарат сөзінің синонимі ретінде біз хабар, дерек сөздерін ала аламыз. Осы ақпаратты қабылдаушыдан жіберушіге бағыттау үшін хабарлауды қолданады. Ақпарат міндетті түрде ақиқат немесе жалған болуы шарт емес. Дерек немесе хабарландыру арқылы келген ақпараттың маңыздылығы түсініктемелер арқылы баяндалуы мүмкін.

Жер бетінде немесе бүкіл әлемде болып жатқан мәселелер мен жаңалықтарды интернет желісі арқылы білуге болады. Қазіргі кезде ақпарат алу мен оны тарату интернет технологиялардың әсерінен жасалатын нәрсе. Сағат пен минут сайын өздеріне керекті мағлұматтарды алатын жас өрескел балалар интернеттің қыр-сырын біліп алған. Білім беру мен балабақшалардағы мұғалімдер оқушыларға тәлім-тәрбие, сынып сағаттарына арналған ақпараттарды интернеттен жүктеп алады. Сонымен, ақпарат көлемі көбейген сайын жеткізілетін хабар дәлірек болады.

Ендігі кезекте ақпараттық сауаттылықты қарастырайық. Ақпараттық сауаттылық дегеніміз - компьютерлік технологияларды пайдалана отырып дұрыс мәлімет алу.

Жаңа бетбұрыстар, қызықты өмір, мағлұмат пен мәліметті тиімді әрі тез жолмен алатын заманауи кезең. Дамыған елде ақпаратты, ал оның ішінде сауатты ақпарат алу қиын нәрсе емес. Тексерілген ақпарат жүйелері мен интернет сайттардан керектінің бәрін, яғни адам қызықтыратын жаңа дүниенің бәрін көре аламыз. Сауатты ақпараттың маңыздылығы жас ұрпақ пен ынтасы жоғары мамандар, күнделікті оқырмандарға беретіні көп деп білемін. Оның мән - маңыздылығын атап, бірнеше жүйелерге топтастыруға болады. Біріншісі: сауаттылық жақсы ойлау, дұрыс сөйлеу қасиеттерін дамытады. Екіншісі: ақпарат алу - өмірді танудың бір белесі деп білемін. Үшіншісі: барлығы компьютердің көмегімен болған соң, технологияны қолдануды үйреніп алуға болады.

Қорытындылай келе, XXI ғасырдағы ақпараттық сауаттылықтың маңыздылығы ел үшін ең өзекті тақырып. Өсіп келе жатқан жастарымыздың заман талабы қандай болса, олардың білімі соншалықты жетерлік және жоғары болуы керек деген ойламын.

Динара МҰХАНБЕДЬЯ,
журналистика мамандығының 1 курс студенті

Театр – менің өмірім

Қостанай облысы Меценаттар клубының «Шабыт» сыйлығының иегері, театр және кино актері Әлімхан Мырзахан нағыз қоғамға қажеттілігі бар адам деп танымын. Осы кезге дейін 60-қа жуық спектакльдерде ойнаған актер өзіне драма, трагедия жанрыларын жақын тартады. Халыққа осы рөлдері арқылы ой тастап, мәселенің мәнісін шешуде, оң шешім қабылдауда біраз септігі тиді. Бүгінгі менің кейіпкерім – дәл осы актер.

- Қазіргі кезде Әлімхан Мырзахан кім?

- Бірде тасбақа жер бауырлап кетіп бара жатқан көрінеді. Алдынан шығып тасбақадан сұрапты: Қайда бара жатсың? Сонда тасбақа: Меккеге кетіп бара жатырмын, - депті. Барлығы күледі, «сен мына түріңмен Меккеге қашан жетесің». – Мен жететініме сенемін, мені үміт жетелейді, үмітке мен сенемін. Адам өз алдына мақсат қойса, сол мақсат алға жетелейді. Сол арманына үміттеніп, бақытын өз қолына алуы керек. Сол сияқты еліміз, мемлекетіміз бізге беріп жатыр, ал біз мемлекетке не беріп жатырмыз? Соны ойлануымыз керек. Біз халыққа қызмет жасауымыз керек. Біз қашанға дейін «маған ананы бер, мынаны бер, айлық төле, жылу бер» деп сұрай береміз? Енді біз халыққа, үкіметке, мемлекетімізге өз атымыздан береріміз болу керек. Сондықтан да менің басты мақсатым өз дипломымды қолға алған соң, сандық түбіне салып қоймай, керегімізге жарату. Ата-анаң сені оқытты, сен олардың үмітін ақтауың керек, олар саған сеніп оқуға түсіріп, адам болатынына сенді. Ал, енді біз қазір орта буын жасына келіп қалдық сондықтан мемлекетке, халыққа өз үлесімді қоссам деймін.

- Жалпы өнер жолындағы алғашқы қадамдарыңыз айтсаңыз?

- Бала бұл өмірге келгеннен кейін еңбектейді, тұсауын кеседі, жүреді. Сол сияқты мен де мектеп бітіргеннен кейін бірден Алматы өнер Академиясына оқуға түстім. Сол оқуды бітіргеннен кейін осы Қостанайға І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрына жұмысқа орналастым. Менің бүкіл қыж-қыж қайнаған еңбегім, алдыға басқан қадамдарымның бәрі осы қара шаңырақта болды. Кішігірім спектакльдерден басталды, Абылай ханды ойнағанда мен жас баламын, жасым 19 да ғана. Сол кезде оның жас кезін ойнадым, баласы болып ойнадым, сөйтіп көтеріле бастадым. Бірақ рөлдің үлкен-кішісі болмайды. Мен осы Қостанай театрында сыр етіп өз еңбек жолымды бастап кеттім.

- Шығармашылық өмірден тыс немен айналысқанды ұнатасыз?

- Мен шығармашылықтан тыс уақытымды өз жанұяма арнаймын, кейде өте аз уақыт бөліп жатамыз шыны керек, елге барып қайтқым келеді. Мен өзім Түркістан жақтың тумасымын.



Сонымен қатар ермек ретінде аңшылық пен балық аулағанды жақсы көремін. Ал ойын сауыққа келсек, билиард ойнағанды ұнатамын, достарыммен жеңіл спорт ойындарын, мысалға волейбол ойнағанды жақсы көремін.

- Сіз «Бір сен үшін» киносында басты рөлдердің бірін сомдадыңыз, осы киноға алғашқы шақыртуды қайдан алдыңыз және кинода қандай қызықты сәттер болды?

- Мен осы киноға түсу үшін каншама кастингтерге бардым, біреулер өтіп жатыр, біреулер өте алмай жатады, мен көп кастингке бардым, бірақ өте алмай келдім. Бір күні маған Алматыдан бір кісі звондап, «Сіз киноға өттіңіз» деп звондады. Ол ешқандай атақты кино емес, жай ғана мелодрама деп хабарлады. Қандай фильм болса да әрине қызығасың ғой, сөйтсем басты рөлде Азамат Сатыбалды. 4 жыл бірге оқып бірге өскенбіз, жатақханада бір комнатада жатып, бірге күн кешкенбіз.

Содан ол өзі режиссер екені белгілі болды. Дерее Азаматқа звондап: «Азамат мені киноға шақырып жатыр» дедім. Ол: «Иә, сені кастинг режиссері өзі таңдап алған екен, маған сізге дос таптық» деп айтты. Кім деп сұрағанда оған менің суретімді көрсетіпті. - Бұл менің досым, онымен ойнап та қажет емес. Мен оны жақсы танымын, деп сол жерде рөлді бекітіп, 2015-2016 жылы қыркүйек айында съёмка басталып кетті. Бір жарым - екі айдай мен Алматыда тұрдым.

Қызықты сәттер көп болды әрине, бұрын соңды Алматыдағы актерлер сияқты күнде киноға түсіп жүрген жоқпыз ғой, сондықтан маған басында қиын болды. Әсіресе театр актерларына камераға жұмыс істеу өте қиын. Камера сені, сен камераны сүю керексің. Камераға жұмыс жасау керек. Ал мен басында көп дубль жасадым. Дубльдың рекордын мен көрсеткен шығармын, 17 рет дубль жасадым. Ол басында әрине, содан кейін үйреніп кеттім. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» дейді ғой.

- Сіздің өнерге деген ынтаңызды не арттырады?

- Өнерде актер қауымы үлкендерді сыйлап өткен ғой, сол үлкендердің жолымен жүреміз. Біздің театрда сабырлы, салиқалы үлкендеріміз бар. Сол үлкенге құрмет, кішіге ізет демекші бұрыс жасағаны болса дұрыстайтын көмекшілеріміз бар. Дастарханда отырсақ та үлкендерді төмен түсірмейміз. Осы жолда мен жалғыз емеспін, мені ынталандыратын осы.

- Сұхбатыңызға рахмет, сізге шығармашылық табыс тілеймін.



Оразғали АМАНГЕЛДІҰЛЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
1 курс студенті

Қайырымдылық қадамдары

Алғашқы қадам:

28 қыркүйек күні журналистика мамандығының студенттері облыстық «Аналар үйіне» қайырымдылық жасауға барды.

Бұл 2 курс студенттері мен топ кураторы Кәкімбек Гүлнұр Өміржанқызының «Қайырымдылыққа 10 қадам» шарасында жасаған алғашқы бастамалары. Маңдайына жазылған қиын тағдырға қарамастан жас аналардың өмірге деген құштарлығын оята білген Сәуле Сұлтанғалиқызы болашақ журналистердің қойған сұрақтарына тұшымды жауап берді:

- Біз үшін ең маңыздысы – далада қалған, барар жері жоқ қыз-келіншектердің «Ана үйінің» бар екенін біліп жүруі. Қаншалықты көп адам біліп жүрсе, соншалықты жақсы. Кейде таныс емес адамдар қоңырау шалып, дүкендерде, көшелерде, аялдамада анасы мен кішкентай сәбидің тұрғандарын айтып хабарлап жатады. Дерек сонда барып, анасымен сөйлесуге тырысамыз. Егер қайда барарын білмейтін мәселе болса, «Аналар үйі» әрқашан көмектесуге дайын.

Бірге тұрып жатқан жас аналар тамақты өздері әзірлеп, киімдерін де өздері жуып, әдеттегідей тіршілік қамдарын жасайды. Тамақ, балаға қажетті киім, ойыншықтар бәрі жеткілікті. Медицина маманы мен бала күтіміне көмектесетін жандар бар.

Назерке Дүкенбай, студент: «Бұл кездесу жүрегімде ерекше орын алады. Қиын жағдайға түскен жандарға қол ұшын беріп, көмек көрсетуге дайын жандардың бары көңілге қуаныш ұялатады. Осындай қайырымдылық шарасына қатысқанымға қуаныштымын».

Гүлден Қойшыман, студент: «Алғашында жалғызбасты аналарға арналған орталық көп қабатты емханаға ұқсас болар деп ойлағанмын. Бірақ «Аналар үйі» мүлдем өзгеше екен. Тіпті, жанынан өтіп бара жатып, арнайы мақсатта қолданылатын үй деп ойламайсың. Кіріп келгеннен ауласынан жылулық сезілетін кәдімгі жер үй. Үйлеушісі Сәуле Сұлтанғалиқызы үйді аралатып, аналармен таныстырды, балалармен ойнап, бауыр басып та қалдық».



Екінші қадам:

Жүрегі жақсылыққа толы студенттер қолдан келгенше мейірімділікпен қариялардың көңілдерін аулауға тырысып, Қайырымдылыққа жасалған екінші қадамдарын қарттар үйіне барды. Әдеттегідей баласының жылулығын көруге мұқтаж қариялардың үйіне барып, концерт қойып кету деген мақсат болған жоқ. Мақсатымыз осындай тағдырдың айдауымен келген қамкөңіл аталар мен әжелердің бір сәт болса да көңілдерін жадырату еді. Біз қариялармен сөйлесіп, сырласып, көңілдерінде жүрген айтар ойларын тыңдадық. Барлығымыз бірігіп шахмат ойынын ойнап, өз дәуірлеріндегі әсем әннің ырғағымен би де биледік. Қариялар бізді жібергісі келмей, қайта келіп тұруларымызды өтінді. Мұндай кездесу бізді мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеп, журналистік қырларымызды шындауға көмектесті.



Үшінші қадам:

«Облыстық қан орталығы» денсаулық сақтау ұйымының басқаруымен қоғамның назарын проблемаға аударуды көздейтін жыл сайынғы «Сенің күнің, Донор» атты акциясы өткізілді. Аталған іс-шара еріктілердің ауыр дертке шалдыққан қанға мұқтаж балаларға қолдау көрсетуіне арналған. Аталмыш акцияға университетіміздің жастар ұйымдары мен журналистика мамандығының студенттері ерікті түрде донор болды. Көмекке мұқтаж жандарға жәрдем беру мақсатында ұйымдастырылған шараға жастар белсенділік танытып, арнайы тексеруден өткен соң донорлық қызметті көрсетіп, қан тапсырдық.

«Қайырымдылыққа 10 қадам» жобамыздың мақсаты – адами құндылықтарды дәріптеу, студенттердің соншалықты ауқымды болмаса да қолдарынан келген шамалы көмекті көрсетіп, ризашылықтарын алу. Кез-келген қайырымдылыққа мұқтаж адамға қол ұшын беру – әрбір тұлғаның міндеті. Осы себепті, жанашырлыққа толы, жақсылыққа бастар ісімізді толықтай атқарып, бұл жобаны жан-жақты жүзеге асырдық.

Шара алдағы уақытта да жақсы қадамдармен жалғасын таппак. Соңғы оныншы қайырымды істен кейін міндетті түрде эстафетаны журналистика мамандығының 4 курс студенттеріне беретін боламыз.



Саналы ұрпаққа сенімді серпін



«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы жарияланғаннан бері Елбасы айға таңба басқандай нақтылап берген мақсатты орындау жолында түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Бұл жоспарды жүзеге асыруда Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті де қалыс қалып жатқан жоқ, студенттерге латын қарпіне біртіндеп көшуді насихаттап, түсіндіру, ақпараттандыру шараларын өткізуді жалғастыруда. Ахмет Байтұрсыновтың 145 жылдығы мен тіл мерекесі қарсаңында «Латын әліпбиі: зейін және зерде», сонымен қатар «Саналы ұрпаққа сенімді серпін: латын әліппесі және Ахмет Байтұрсынов» атты дөңгелек үстелдердің өтуі соған мысал.

Жиында университеттің білікті тіл мамандары сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды. Профессор, филология ғылымдарының докторы Алмасбек Әбсадықов рухани жаңғырудың бірден-бір өзегі – латын әліпбиіне көшу

екендігін айтып, жастарды заман талабына ілесуге шақырды. Ал, тәжірибелік лингвистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Гүлжанат Жүрсінәлина қазақ әліпбиінің тарихына тоқталды және латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбимен таныстырды. Сонымен қатар дөңгелек үстел басында Ахмет Байтұрсыновтың өмірі, қазақ еліне, жеріне, қазақ тіліне қосқан ерен еңбегі сөз етілді. Бұл жайында Серікжан Сағындықұлы Исмаилов баяндады.

Іс-шара ашық сұхбат түрінде өрбіді. Студенттер толғандырған сұрақтарын қойып, пайымды пікірлерін білдірді. «Латын әліпбиіне көшуді қолдаймын. Бұл маңызды қадам деп білемін. Өйткені, өзге елдермен қарым-қатынас жасап, әлемдік деңгейге шығуымызға үлкен мүмкіндік. Бүгінгі жиыннан алғаным көп. Ең бастысы латын әліпбиін үйренуге деген қызығушылығым артты», – дейді ветеринарлық және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің 1 курс студенті Аружан Кәрімова.

Жоспар бойынша 2018-2020 жылдар аралығында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, 2021-2023 жылдары латын әліпбиі толық қолданысқа, оқу бағдарламаларына енетін болады. Ал, 2024-2025 жылдары құжаттар толығымен жаңа әліпби негізінде өзгертіледі деп күтілуде. Гүлжанат Құрмашқызының айтуынша, университетте жоспарға сай латын әліпбиін насихаттап, ақпараттандыру шаралары жалғасын таппак. Түрлі дөңгелек үстелдер мен «Қазақшаңыз қалай?» сынды сайыстар өткізілмек. Тіл маманы міндеттер өз ретімен орындалып, насихаттық жұмыстар көптеп жүргізілетін болса студенттер латын графикасындағы қазақ әліпбиін терең меңгеріп кете алатынына сеніммен қарайды.

Тұмарым БАБАСАНОВА,

ГӘФ Журналистика мамандығының 4-курс студенті

*Журналистика мамандығы 4 курс студенттерінің «Фотожурналистика»
пәні бойынша өткізетін фотокөрмесінің бүгінгі тақырыбы:*

«Love & Story»



*Маңдайда емес, жүректе
Ғашықтардың жанары
Қадыр Мырза Әлі*

«Ұмытылмас сәттер»



Университет қабырғасын енді аттаған шақта фотоаппараттың пленкасына бейнеленген суреттерді қайталап түсіре отырып, біз студенттік шақтың нағыз ұмытылмас кезең екенін түсіндік.



Айғыркісі

Несіпбек Дәутайұлының «Айғыркісі» қазақтың жаратылысын сүйіп жазуымен ерекшеленіп тұрған әңгіме. Жылқы киесі – бұл шығарманың басты тақырыбы. Жылқы бар жерде ұлттық рухтың асқақтайтынын көрсетеді. Әңгіменің сюжетінде бір әулеттің өмір сүру салты арқылы ұлттық идеяның қайнар көзі ашылады. Шығармада автордың айтқысы келген идеясын үшке бөліп қарастырсақ болады: ең бірінші, Бұлдидың дүниеқоңыздылығы, екіншіден, жылқының киесі, үшінші мәселе өмірде адам сенгісіз жайттардың шынымен болатындығын көрсетеді.

Әңгімеде оқырман, ең алдымен, Есқұлмен танысады. Есқұл шал – нағыз қазақылықтың адамы, ескіше өмір сүреді. Құлынды бие байлап, қымызын ішеді, далада жұлдыздарға қарап жатқанды жаны сүйеді. «Құдайдың пенделерінің кез-келгенінің кеудесінде осындай бір жарық сәулелі қалың қойнау болса ғой, шіркін», – бұл - Есқұлдың дүниеге көзқарасы, Есқұл арқылы жеткізген автордың көзқарасы. Ал әңгімедегі зұлымдық тарататын кейіпкер-Бұлди, Есқұлдың немере інісі. Нағыз дүниеқоңыз. Автор оны қап тесер тышқандай, елді жеп байыған, ауылдың алыпсатары ретінде сипаттайды. Бұлди сол имансыздығы үшін халықтың қарғысына ұшырап, зорға көрген ұлынан айырылады. «Ақшаның буы жаман екен. Жаман болғанда да, біреудің байлығынан біреу қарадай ығып тұратын боп шықты» деген жазушының сөзінен қазіргі заманның шындығын дәл көруге болады.

Әңгімеде тағы куә болатын жайт – жылқының құдыреті. «Ауыл зиратының тұсына кеп қалыпты. Зират арасында жалғыз жылқының сұлбасы көрінді. Жақынына құран бағыштауға келген біреу болар деп ойлаған. Таяп келгенде байқады. Жылқы ер-тұрмансыз. Иә, сол, Айғыркісі ғой. Бір апта бұрын жерленген Жалғастың қабірінің темір қоршауына тұмсығын тіреп үңіліп тұр. Тұлабойына түгел тер қатқан» деген үзіндіден шекара асып, құлын кезінен өсірген иесінің қабірін тауып келген Айғыркісінің қасиетіне тәнті болмасқа шара жоқ. Жануар бойынан кейбір адамдарда болмайтын қасиетті, адалдықты көреміз.

Шығарманы оқи отырып, Н.Дәутайұлының адам психологиясы, сезімі, нағыз қазақылықты, еркіндікті суреттеудің шебері екеніне көз жеткізуге болады. Бұрын соңды кейбір шығармаларда көре бермейтін идеяны көреміз. Әрбір жолды оқығаннан ақ сол сәтті сезінуге мүмкіндік аламыз. Ендеше, «Айғыркісі» - қазақ әдебиетіне келген тың шығарма екеніне сенуге негіз бар.

Гүлден ҚОЙШЫМАН,
ГЭФ журналистика мамандығының 2 курс студенті

Интернаттың баласы



Киесі бар сөз өнеріне деген адалдық болмаған жерде әдебиет туралы әдемі сөз болуы екіталай. Зейнетінен бейнеті көп шығармашылықтың азабы да осы адалдықпен астасып жататыны ақиқат. Қолыңа қалам алып, «ұлттың ар-ұятына» жауапты жазушы атын иемденген соң шындық, адалдық, тазалық сынды құдіреттерге бас имеске шара жоқ. Мархабат Байғұттың бүгінгі әдебиеттегі әлемі, міне, осынау

түсініктерге толықтай жауап береді.

Қазақы болмыс, қазақы мінез, қазақы табиғат тек ауылда сақталатынын ескерсек, М. Байғұт шығармаларының шырайын ендіріп тұрған да осы – ауыл тақырыбы. Жазушыны әдеби ортаға танытқан алғашқы туындыларының бірі – «Интернаттың баласындағы» ауыл көрінісі бәріміздің алтын бесігімізді еске түсіреді. Жазушы шеберлігінің жаңа белеске көтерілуімен бірге, алдағы уақытта тағы да бір өзгерістің, соңғы жаңалықтың боларын сездіретін кезеңі секілді. Өйткені, бұл кезде оның жазушылық тәжірибесі жинақталып, қалам қарымы нығайып, шығармашылық шеберлігі арта түскенді. Үлкен өмірдің айдынындағы жеке адамның тағдырын: ешкімге зияны жоқ, арманшыл жанның көрген қиянатын, зәбір-жапасын, бүлінген өмірін бүгешігесіне дейін көрсете білу салмақты да ойлы прозаның объектісі, талантты прозаниктің тыңғылықты еңбегі екені ә дегеннен-ақ анық көрінеді. Өз басым алғашқыда осы повестің түйінін, эпилогын жан-жүрегіммен сезініп, толық сеніммен қабылдай алмаған сияқты едім. Алайда көркем дүние шеберлігі образды сомдап шығару десек, аталған повесть бойынан да әр қайсысы жеке дара типке айналған, сөйте тұра әр қайсысының өзіне тән мінезі бар сәтті шыққан образдар іс-әрекетінің куәсі боламыз.

Жазушы-публицистің қаламынан туған жазбаларды оқи отырып, көңіл көкжиегіңіздің кеңейе түскеніне және де ұтымды да ұлағатты тірліктердің қанаты кеңге жайылатынына бір мысқал да күмән келтіре алмаймыз. Жазушы Мархабат Байғұттың «Интернаттың баласы» атты жаңа жинағы рухани әлемімізге өзіндік үнмен, сыршылдығымен келіп қосылған көркем дүние.

Аяулым ЖАНБЫРШЫҚЫЗЫ,
ГЭФ журналистика мамандығының 2 курс студенті

Өзенікі емес, өзімдікі...

Жазушы болу үшін қолына қалам алып ойына келгенді ақ қағазға түсіру керек, ол үшін үлкен таланттың қажеті жоқ, қазір бәрі солай жасайды ғой. Бұл менің ескірген ойым еді. Менің деймін-ау қазіргі қазақ әдебиетінің көп оқырмандарының ойы бұл. Оған себеп, бір-екі кітап жазып ішіндегі мәніне емес, кітап беттерінің көптігіне мәз болатын жазушылар саны өсіп кеткені. Осындай ой үнемі менің көңілімде еді, сондықтан қазіргі жазушылардың шығармаларын қолыма көп ала бермейтінмін. Жақында Жолтай Әлмашұлының «Ұмытылған ұрпақ» кітабын оқыдым. Жоғарыдағы ойымның өзгеруіне де себеп болған осы кітап еді. Осы уақытқа дейін көп болмаса да біршама кітаптар оқығаным бар. Барлығының жазу сарыны бір махаббат, ауыл жағдайы, өз өмірлері. Көбінің қозғайтын тақырыптары да осы. Өзекті мәселе көре алмайсың. Бірақ бұл жазушының әлемі мүлде бөлек секілді көрінді.


Жолтай Әлмашұлының «Ой тізгін» әңгімесі жазар қауымға бір үлгі туынды. Жазушы жағдайы, міндеттері, жазу өнерінің онай еместігі және оқырман туралы сыр шертеді. Әңгіме бірнеше идеядан тұрады. Ең басты ойы жазу өнерінің қандай қасиетті екенін түсіндіруге бағытталған. Кіріспесі әңгіменің басты кейіпкері Тентек тілші және оның жиені Тікен мұрттың әңгімесінен басталады.

«Сен сары сапалақ, болашақ ұлы жазушыны мазак еткенің үшін тарих алдында әлі жауап бересің», - деп жиенінің жағасынан алды. Алғашқы беттерінен-ақ халық іші құнсыз дүниелерге толы кітаптарды да, олардың авторларында құрметтемейтінін көрсетеді.

Әңгіме ары қарай Алтай атты журналист жігіттің қатысуымен өрбиді. Осы жерде тағы бір мазмұн ашылады. Бұл ата-ана қадірі. Қалада «қарттар қазынам» тақырыбында кеш өтті. Кешке Алтай да қатысты. Тек осы кеште сөйлеген бір кісі Алтай сезіміне қозғау салып, көкейіндегіні оятты. Жанбай бықсып жатқан шамды үрлеп жіберді. Сөйлеген қарттар үйінің тұрғыны еді.

«Біз де жетімбіз» - деді ол. «Жетім емей немене, не ұл жоқ, не қыз жоқ, не отбасы жылуын сезіне алмаймыз» - деген сөздерден бастап, ата-ана қадірін түсіндіргісі келетіндей. Тас жүрек балаларына қарттардың айтар назын жеткізеді.

Осы кештен соң Алтай балалар үйін есіне алады. Сондағы жәутендеген жанарлар... Бейкүнә сәбилер... олар да жетім, ал енді мына қарттар да жетім. Алтай осының бәрін қағазға түсіргісі келеді. Іштей қиналуда, қайсысы дұрыс «тисе терекке тимесе бұтаққа деп жорғалата жөнелсе... жо-жоқ өйтіп мазакқа айналдыруға болмайды. Жазасың ба негіздеп жаз. Жеріне жеткіз» бұл ойлар Алтайды күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды. Жеріне жеткізе алса жазушы үшін сол бақыт, ал енді бұл өмірде бар ғұмырын жазуға арнап ортанқол дүниеден аса алмағандар қаншама. Бұл – трагедия.




Жазушы стилінің ерекшелігі психологиялық жанрды қоса алып жүру болды. Әйтпесе қазақтың хал жағдайы, ауылдың кедей тіршілігі мен қарт-қария өмірінен де шаршайтын кездерін болады кейде.

«Көркем әдебиет адам үшін жаралған. Сондықтан мораль оның өзегі, тіні. Тек көбін таба білу керек» деп басталатын ойлары менің бұл сөзіме дәлел бола алады.

Жазушының образ сомдау, сюжеттерді пайдаланудағы өзіндік шеберлігі ауқымды. Яғни өзіндік тәсілдерді, сюжеттерді мүмкіндігінше көбірек қолдануы ұтымды көрінеді. Қолына қалам ұстаған жандарға немесе жазушы жанын түсінгісі келетін оқырмандарға оқуға кеңес берер едім.

Айгерім ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
2 курс студенті



Құттықтаймыз!



Техника ғылымдарының докторы, ҚР Ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі, Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ машиналар, тракторлар және автокөліктер кафедрасының профессоры Гаяз Зәкірұлы Гайфуллиннің туғанына жетпіс жыл толып отыр.

Осы уақытқа дейін ондаған ғылым докторы мен кандидатын тәрбиелеген, 200-ден астам ғылыми еңбек жазған ғалым академик Бараев атындағы сыйлықтың иегері. Жетпіс жылда оның жеткен белестері, алған асулары өте бағалы. Оның еңбек жолы үлкен ғылыммен тығыз байланысты. Барлық ғұмырын агроинженерлік ғылымға жұмсаған ғалым ауыл шаруашылығын механикаландыру саласында көп қызмет атқарды.

Жетпістің желкесіне шығып отырған әріптесімізді мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, жақсы көңіл күйін, шаңырағына бірлік, дастарханына береке тілейміз!

Зертхана ұжымының атынан
зертхана меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты

А.Курач,

аға ғылыми қызметкер, философия докторы (PhD) М.Амантаев.

Батыр ескерткіші тұғырға қонды



Қарабалық ауданында жаңа ескерткіш орнатылды. Қарабалық батырдың ескерткіші 25 қазанда ресми түрде ашылды. Енді оқырмандардан сүйінші сұрауға болатын секілді. Батыр ескерткіші тұғырға қонды. Ол Тоғызақ өзенінің жағасына, аудан орталығына кіреберісте орналасқан. Аудан орталығы да осы батырдың есімімен аталады.